

Республикалық ғылыми-әдістемелік, танымдық шығарылым

«ТАҒЫЛЫМ» ЖУРНАЛЫНЫҢ 15 ЖЫЛДЫҚ АЛТЫН ҚОРЫ:

ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ҮЗДІК
ЕҢБЕКТЕРІ МЕН ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ



100 ÜZDİK
MAQALA

№05 (147) 2026



«ТАҒЫЛЫМ» ЖУРНАЛЫНЫҢ 15 ЖЫЛДЫҚ АЛТЫН ҚОРЫ
ЫРҒЕҒЕЙ ШЫҒАРЫЛЫМ

«ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE» КМҚК
«ЕСЕПТЕУ ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ЖЕЛІЛЕР»
ЖҰМЫСШЫ БІЛКІТІЛІК БӨЛІМІНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ

«EDUNews.KZ» БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ
АҚПАРАТ АГЕНТТІГІНІҢ
ҚОЛДАУЫМЕН ШЫҚҚАН
ШЫҒАРЫЛЫМ →

 **EDUNews.KZ**
EDUCATIONAL NEWS AGENCY

E DUCATIONAL
S CIENCES
I NDEX

Редакция жетістігі: 15 жылдық тарих, 100 мыңнан аса публикация

ТАҒЫЛЫМ

2011 жылдың наурызынан бастап шығады

АРНАЙЫ ШЫҒАРЫЛЫМ

№05 (147)

**МАМЫР
2026 ЖЫЛ**



«Educational Sciences Index» Қазақстан педагогтарының ғылыми-әдістемелік мақалаларының базасында индекстеу жүргізіліп, «Edunews.kz» ақпараттық агенттігі арқылы республиканың педагог қауымына таратылады



**Басылым Қазақстан Республикасы
Байланыс және ақпарат министрлігінде есепке
қойылып, 2011 жылдың 26 қаңтарында №11349-ж
тіркеу куәлігі берілген**



МАЗМҰНЫ

Ілиясқызы Эльмира,

Колледжішілік кәсіби мамандық айлықтарын өткізудің маңызы.....4

Қабылбаева Әтіркүл Әуесханқызы,

IT – қызмет көрсету саласында жұмысшы мамандарды дайындау болашаққа бағытталған қадам6

Мөлдір Алмасқызы,

«Үздік шебер – 2026» байқауы: кәсіби шеберлік пен инновация алаңы8

Нармахан Маржан Сұлтанханқызы,

Талшықты-оптикалық кабельді монтаждау: заманауи білім беру тәжірибесі.....11

Турсынбаева Маржан Еришевна,

Кибербуллингтің алдын алу және цифрлық қауіпсіз болашақты қалыптастыру.....14

Нурмуханбетов Ерлан Абылкасымович,

Патриоттық тәрбие.....17

Теменов Адилгали Досымғалиевич,

Жаппай зақымдану кезіндегі алғашқы медициналық көмек және ЖИ қолдану19

Исаева Жансая Жамалбековна,

Балабақшада педагогикалық ұжымды тиімді қалыптастыру және дамыту жолдары.....23

Базарова Салтанат Муталиповна,

Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады.....25

Бейсенова Анар Ниязхановна,

Ойын кейіпкерінің ізімен (балабақшаға арналған танымдық-шығармашылық ойын)26

Берденова Айгүл Серикбаевна,

Мен заманауи музыка жетекшісімін28

Исабекова Гульназ Сериковна,

«Жоғалған бөлікті тап» (балабақшаға арналған дамытушы ойын)29

Орымбетова Асыл Саулетбековна,

Ойнай отырып үйренемін.....30

Джакипова Молдир Нуржановна,

«Түстер әлемі» кіріктірілген іс – әрекет31

Буршакбаева Айжан Шардарбековна,

«Пішіндер әлемі» кіріктірілген іс – әрекет32

Калдыкулова Манзура Орынбасаровна,

«Табиғат сақшылары» кіріктірілген іс – әрекет33

Ауарин Мейрам Кайыржанович,*Табиғи ресурстар мен олардың географиялық таралуы 35***Толуханова Индира Рахметжановна,***Жүк тасымалы негіздерін оқытудағы инновациялық тәсілдер және білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру 37***Тилекеева Жадыра Сарсембаевна,***Тарихи сана – Ұлттық діңгек 38***Рысбергенова Мөлдірайым Әшимхановна,***Қариясы бар үйдің -қазынасы бар..... 40***Мамырова Айшолпан Ермаханқызы,***Әке – асқар тау..... 41***Әлімбаева Жадыра Өмірзаққызы,***Қарттарым -асыл қазынам..... 42***Кунафина Эльвира Тусупхановна,***Математикалық жаңа әдіс-тәсілдерді бастауыш сыныптарда қолданудың ерекшеліктері мен мүмкіндіктері..... 42***Умбеталиева Салтанат Нұрланқызы,***Оқушылардың тілдік құзыреттілігін зерттеу жобалары арқылы арттыру..... 44***Толукулова Алия Маратқызы,***Тарих сабақтарында оқушының танымдық- зерттеушілік белсенділігін арттыру..... 47*

**ІЛИЯСҚЫЗЫ ЭЛЬМИРА,**

«Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» жұмысшы біліктілік бөлімінің меңгерушісі
ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE,
Алматы, Қазақстан

**КОЛЛЕДЖІШІЛІК КӘСІБИ МАМАНДЫҚ АЙЛЫҚТАРЫН
ӨТКІЗУДІҢ МАҢЫЗЫ**

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде студенттердің кәсіби бағыт-бағдарын қалыптастыру, олардың болашақ мамандығына деген қызығушылығын арттыру маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Осы мақсатта колледждерде түрлі тәрбиелік және танымдық іс-шаралар ұйымдастырылады. Соның ішінде колледжішілік кәсіби мамандық айлықтарының орны ерекше. Мамандық айлығы – белгілі бір мамандық немесе мамандықтар тобы бойынша өткізілетін кешенді іс-шаралар жиынтығы. Оның құрамына ашық сабақтар, шеберлік сағаттары, кәсіби байқаулар, семинарлар, кездесулер, көрмелер және танымдық ойындар кіреді.

Кәсіби мамандық айлықтарын өткізу студенттердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға үлкен ықпал етеді. Сонымен қатар мұндай іс-шаралар білім алушылардың мамандыққа деген сүйіспеншілігін арттырып, олардың болашақтағы еңбек нарығына бейімделуіне мүмкіндік береді.

Кәсіби мамандық айлықтарының білім беру үдерісіндегі рөлі. Колледждегі мамандық айлықтарының басты мақсаты – студенттердің кәсіби білімін тереңдету және олардың мамандыққа деген қызығушылығын арттыру. Сабақ барысында алынған теориялық білім кейде студентке толық әсер етпеуі мүмкін. Ал айлық барысында ұйымдастырылатын тәжірибелік жұмыстар мен шығармашылық іс-шаралар білім алушының өз мамандығын жан-жақты түсінуіне жағдай жасайды.

Мысалы, ашық сабақтар мен шеберлік сағаттары арқылы студенттер жаңа технологиялармен танысып, кәсіби дағдыларын жетілдіреді. Тәжірибелі мамандармен кездесулер студенттерге болашақ мамандықтың қыр-сырын түсінуге көмектеседі. Сонымен бірге мұндай кездесулер жастардың еңбекке деген ынтасын арттырып, өз болашағына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді.

Кәсіби айлықтар студенттердің белсенділігін арттыруда да маңызды рөл атқарады. Өртүрлі сайыстар мен жобаларға қатысу арқылы олар өздерінің білім деңгейін көрсетіп қана қоймай, бәсекеге қабілеттілігін дамытады. Бұл өз кезегінде студенттердің өзіне деген сенімін нығайтады.

Мамандық айлықтары білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Себебі мұндай іс-шараларда студенттер тек теориямен шектелмей, өз идеяларын жүзеге асыруға талпынады. Әсіресе кәсіби жобалар байқауы, көрме ұйымдастыру, ғылыми жұмыстарды қорғау сияқты шаралар студенттердің ізденімпаздығын арттырады.

Сонымен қатар айлық барысында топтық жұмыстардың ұйымдастырылуы студенттердің бір-бірімен қарым-қатынасын жақсартып, ұжыммен жұмыс жасау дағдысын қалыптастырады. Қазіргі еңбек нарығында тек кәсіби білім ғана емес, коммуникативтік қабілет, жауапкершілік, көшбасшылық қасиеттер де маңызды орын алады. Осы қасиеттерді дамытуда мамандық айлықтарының әсері зор.

Мамандық айлықтары арқылы студенттер өздерінің болашақ кәсібiне қажеттi тәжірибелік машықтарды меңгереді. Мысалы, техникалық мамандықтарда тәжірибелік жұмыстар, медициналық бағытта тренингтер, педагогикалық мамандықтарда ашық тәрбие сағаттары өткізіледі. Бұл шаралар студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Колледжішілік кәсіби мамандық айлықтары оқу орнының беделін көтеруге де оң әсер етеді. Айлық барысында өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желілерде, колледж сайтында жарияланып, оқу орнының жетістіктерін көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл талапкерлер мен ата-аналардың колледжге деген сенімін арттырады.

Сонымен қатар кәсіби айлықтарға өндіріс орындарының мамандары, жұмыс берушілер және ата-аналар қатысқан жағдайда колледж бен қоғам арасындағы байланыс нығая түседі. Мұндай серіктестік студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуіне және кейін жұмысқа орналасуына көмектеседі.

Айлық аясында өткізілетін пәндік олимпиадалар мен кәсіби шеберлік байқаулары дарынды студенттерді анықтауға мүмкіндік береді. Жеңімпаз студенттер колледж намысын түрлі деңгейдегі жарыстарда қорғап, оқу орнының мәртебесін көтереді.

Қорыта айтқанда, колледжішілік кәсіби мамандық айлықтарын өткізудің маңызы өте зор. Мұндай іс-шаралар студенттердің кәсіби білімін жетілдіруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және болашақ мамандыққа деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар айлықтар білім алушылардың өзіне деген сенімін қалыптастырып, оларды бәсекеге қабілетті маман ретінде тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Кәсіби мамандық айлықтары – тек мерекелік немесе танымдық шара ғана емес, ол студенттің тұлғалық және кәсіби дамуына бағытталған маңызды педагогикалық құрал. Сондықтан колледждерде мұндай іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастыру қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі болып қала береді.



**ҚАБЫЛБАЕВА ӘТІРКҮЛ ӘУЕСХАНҚЫЗЫ,**

Өндірістік оқыту шебері
ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE,
Алматы, Қазақстан

**ІТ – ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДА ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУ БОЛАШАҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН
ҚАДАМ**

***Аннотация:** Алматы политехникалық колледжі, 80 жылдық тарихымен, мемлекеттік тапсырыс бойынша ІТ саласында жұмысшы мамандарды дайындап келеді. Студенттердің практикалық тәжірибесі оқу бағдарламасының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады, бұл болашақ мамандардың кәсіби деңгейін арттыруға көмектеседі. Бұл мәселе бойынша жүргізілген зерттеулер мен практикалық сабақтар кадр даярлау сапасын көтеруге зор ықпал ететін болады.*

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында: «Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Әрі біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз». Осы орайда ІТ-секторы мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып табылады деп атап көрсетті еліміздің президенті Қ. К. Тоқаев. "Бұлтты технологиялар, жасанды интеллект, роботтандыру біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Нәтижесінде еңбек нарығында жаңа кәсіптер пайда болды. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жүргізген зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, Қазақстан жастарының жартысынан астамы елдегі жаңалықтар мен оқиғалар туралы әлеуметтік желілер мен блогтар арқылы біледі (54,3%). "2030 жылға қарай Қазақстандағы жұмыс күшінің 37% -ын ІТ мамандары құрайды. Өйткені барлық салар бойынша автоматтандыру қарқынды жүріп жатыр. Осы орайда электронды құрылғыларды басқару және қызмет көрсетуші мамандардың орны ерекше болмақ. Қазір мен орта буын және жұмысшы мамандарды дайындайтын оқу орнының жұмысы туралы айтып өткім келеді. Яғни, Алматы қаласында орналасқан 80 жылдық тарихы бар «Almaty Polytechnic College» 2019 жылдан бастап мемлекеттік тапсырыс бойынша ІТ саласында жұмысшы мамандарды дайындап келеді.

Әрбір кәсіптік білім беру мекемесінің алдында бүгінгі таңда оқыту мазмұны мен қазіргі еңбек нарығының талаптары арасындағы алшақтықты азайту міндеті тұр. Осы мәселелерді шешу үшін колледждер студенттерге кәсіптік оқу мен практикалық сабақтар ұйымдастырады. Оқу орындарында студенттерінің практикасы негізгі білім беру бағдарламасына сәйкес келетін құрамдас бөлігі болып табылады. Ол тыңдаушыларды таңдаған мамандығы бойынша жұмыстармен таныстыруға, кәсіби және ұйымдастырушылық дағдылар мен білімін меңгеруге ықпал етеді. Сонымен қатар жеке тапсырмаларды орындауға, сондай-ақ студенттерге олардың соңғы біліктілік жұмыстарын дайындау үшін материалдар жинауға бағыттайды.

Алматы политехникалық колледжінің студенттері практика кезінде алған теориялық білімдерін бекітеді, болашақ мамандардың кәсіби деңгейін жоғарылатады. Практика барысында әрі қарай табысты жұмысқа орналасу үшін қажетті тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. Негізгі білім беру бағдарламалары бойынша оқитын студенттерге арналған практиканың негізгі түрлері: оқу, өндірістік және диплом алдындағы практикасы. Мамандық бойынша өндірістік практика бағдарламасы мамандықтың білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес әзірленеді және білім алушыларда кәсіптік маңызы бар дағдыларды дамытуға және кәсіптік стандарттардың талаптарына сәйкес арнайы құзыреттерді қалыптастыруға бағытталады. 06120100 – «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» мамандықтары бойынша білім алушылар дуальды оқыту жүйесі негізінде оқиды, бұл жүйе студенттің өз мамандығын кәсіпорында жұмыс істеу барысында меңгеруін қажет етеді. Оқытылатын мамандық бейініне сәйкес келетін ұйымдар (немесе ұқсас ұйымдар) өндірістік практика базалары болып табылады. Өндірістік практикалардың ұзақтығы мен мөлшері тиісті мамандық бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттармен айқындалады. Өндірістік практиканың қорытындылары бойынша білім алушылар тиісті бөлімдерге есеп береді және оны практика жетекшісі тексереді.

Оқу жоспарына сәйкес студенттер кәсіптік практикаға жыл сайын шығып отырады. Қазіргі таңда Алматы қаласының техникалық және сервистік қызмет көрсетуші кәсіпорындарында практика өтуде. Оның ішінде электрондық құрылғыларды жөндеу және қызмет көрсетумен айналысатын ЖШС «АЛСИ СЕРВИС», ЖШС «PUBA», ЖК «RK SERVICE», дрондарды сату және операторларды оқыту сонымен қатар жөндеу жұмыстарын жасайтын ЖШС «DRONE. KZ», баспа жұмыстарын жасайтын арнайы мекеме ЖШС «ALFA SISTEM» т. б. кәсіпорындар бар. Кәсіпорындар кәсіптік практика базалары ретінде келісім шарт негізінде жұмыс атқарады.

Кәсіптік практика бағдарламасы келесі мәселелерді қамтиды:

- ✓ Өзі таңдаған мамандық саласында бастапқы кәсіби дағдыларын қалыптастыру және шеберлікті арттыру;
- ✓ Жұмыс орнында ұйымның мүдделері мен ерекшеліктеріне негізделген проблемалық мәселелер мен жағдайларды шешуге үйрету, ұжым аралық қарым-қатынас;
- ✓ Болашақта кәсіптік біліктілікті игеруге қажетті құралдар мен жабдықтарды дұрыс пайдалану, жұмысқа қажетті статистикалық мәліметтерді, таңдалған мамандық саласындағы ұйым қызметінің материалдарын меңгеру.
- ✓ Білім алушының жұмысқа деген жауапкершілігін арттыру, жұмыс орнын ұйымдастыру мен қауіпсіздік талаптарын сақтауға бейімделу.

Студенттің өндірістік тәжірибесін бақылау, колледждің тәжірибе жетекшісімен консультациялардың болуын қамтамасыз ету, практикалық сабақтар бойынша есептерді қорғау, практикалық сабақтар тақырыбы бойынша қорытынды конференция өткізу.

Білім алушылардың кәсіптік практикасын өткізуге арналған базасы ретінде жарғылық қызметі, кадрларды даярлау бейініне және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін, кәсіптік практикаға және материалдық-техникалық базаға басшылықты жүзеге асыру үшін білікті кадрлары бар ұйымдар анықталады. «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» мамандығы бойынша оқитын білім алушылары үшін негізгі практика базалары электронды құрылғыларды жөндеу және қызмет көрсетуді қатамасыз ететін мекемелер, сервистік орталықтар болып табылады. Кәсіптік практика базасы ретінде анықталған ұйыммен кәсіптік практиканы өткізу туралы екі жақты және үш жақты келісім-шарт жасалады, оның түрі, мерзімі, білім алушының барлық оқу кезеңіне көрсетіледі. Колледжде студенттер арасында кәсіби шебер мамандарды анықтау мақсатында қалалық, республикалық және халықаралық конкурстар өткізіліп отырады. Халықаралық Worldskills, хакатон және олимпиадалар білім беру семинарлары өзара әрекеттестікті оқытып қана қоймай, халықаралық ынтымақтастықты нығайтады. Бұл жоғары қарқынмен өзгеріп жатқан әлемде аса бағалы және жастардың өз кәсібін жетік меңгеруіне ықпал етеді.

Кәсіби білім беру жүйесінің негізгі мақсаты еңбек нарығында қажетті жұмысшы мамандарды дайындау. Осы бағытта колледж әкімшілігі материалдық базаны нығайту, жабдықтарды жаңарту және студенттерге заманауи техниканы пайдалануға мүмкіндік беруге ерекше көңіл бөледі. 2024-2025 оқу жылында колледжде «IT hub arena» ашылды және IT оқу шеберханалары қазіргі жаңа үздік техникалармен жабдықталды. Бұл өзгерістер студенттердің өз мамандығына деген қызғушылығын арттыра түсуде және жұмыс дағдыларын жетік меңгеруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қ. А. Тоқаев. (2020) . Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы. [online] ҚР Президенті ресми сайты. [сілтеме: <http://www.akorda.kz/>]
2. OECD. (2021) . Skills Strategy Kazakhstan: Key Findings and Recommendations. [online] Organization for Economic Cooperation and Development. [сілтеме: <https://www.oecd.org/>]
3. "Жастар" ғылыми-зерттеу орталығы. (2022) . Қазақстан жастарының медиатұтынуы: әлеуметтік зерттеу. [online] [сілтеме: <http://www.youngresearch.kz/>]
4. Ибадуллин, А. (2019) . Техникалық және кәсіби білім беру: проблемалары мен дамудың болашағы. Алматы: Энергия.



МӨЛДІР АЛМАСҚЫЗЫ,
Өндірістік оқыту шебері
ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE,
Алматы, Қазақстан

«ҮЗДІК ШЕБЕР – 2026» БАЙҚАУЫ: КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК ПЕН ИННОВАЦИЯ АЛАҢЫ

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE базасында ұйымдастырылған «Үздік шебер – 2026» колледжішілік байқауы өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби біліктілігін арттыруға, шығармашылық әлеуетін дамытуға және заманауи білім беру үдерісіндегі озық тәжірибелерді насихаттауға бағытталды. Байқау техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі педагогтердің кәсіби деңгейін анықтап қана қоймай, олардың инновациялық көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін маңызды алаңға айналды.

Қазіргі таңда техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде өндірістік оқыту шеберінің рөлі ерекше. Олар тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар өндіріс пен білім беру арасындағы байланысты қамтамасыз ететін негізгі тұлға болып табылады. Сондықтан мұндай байқаулар шеберлердің кәсіби деңгейін арттыруда, олардың тәжірибесін жетілдіруде және жаңа талаптарға бейімделуінде маңызды құрал ретінде қарастырылады.

Байқаудың басты мақсаты – өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, тәжірибе алмасу мәдениетін қалыптастыру және заманауи технологияларды тиімді қолдану дағдыларын дамыту. Сонымен қатар, қатысушылардың шығармашылық ізденісін қолдау, кәсіби жобаларын таныстыру және практикалық шеберлігін бағалау негізгі міндеттердің бірі болды.

Байқаудың білім беру жүйесіндегі рөлі

«Үздік шебер» байқауы – білім беру сапасын арттыруға бағытталған тиімді педагогикалық құралдардың бірі. Бұл байқау арқылы өндірістік оқыту шеберлері өз тәжірибесін талдап, оны жетілдіруге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, әріптестер арасында кәсіби диалог қалыптасып, үздік тәжірибелер алмасу үдерісі жанданады. Байқау педагогтердің бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, олардың кәсіби мотивациясын күшейтеді. Әрбір қатысушы өзін үздік ретінде көрсетуге ұмтылып, жаңа әдістерді меңгеруге және шығармашылық тұрғыдан дамуға тырысады. Бұл өз кезегінде білім беру үдерісінің сапасына оң әсер етеді.

Байқау кезеңдерінің мазмұны

«Үздік шебер – 2026» байқауы үш кезең бойынша ұйымдастырылды. Әр кезең қатысушылардың кәсіби деңгейін жан-жақты бағалауға бағытталып, олардың теориялық білімін, тәжірибелік дағдыларын және шығармашылық қабілеттерін толық ашуға мүмкіндік берді.

1-кезең: Портфолионы таныстыру

Алғашқы кезеңде қатысушылар өздерінің кәсіби портфолиоларын таныстырды. Бұл бөлімде өндірістік оқыту шеберлері кәсіби жетістіктерін, сертификаттарын, әдістемелік жұмыстарын және тәжірибелерін заманауи цифрлық форматта ұсынды.

Портфолио – педагогтің кәсіби «визит карточкасы» болып табылады. Ол шебердің жеке жетістіктерін ғана емес, оның педагогикалық шеберлігін, тәжірибесін және кәсіби даму бағытын көрсетеді. Ерекше назар жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдануға аударылды. Қатысушылар презентация, дизайн және ақпараттық талдау бағыттарында инновациялық тәсілдерін көрсетіп, цифрлық құзыреттіліктерін дәлелдеді. Бұл қазіргі заман педагогіне қойылатын талаптардың өзгергенін айқын көрсетеді. Бұл кезеңнің маңыздылығы – шеберлердің тек тәжірибесін көрсетуінде емес, оны заманауи форматта ұсынуында. Яғни, педагог тек маман ғана емес, сонымен қатар ақпараттық технологияларды меңгерген тұлға болуы тиіс.

2-кезең: Авторлық жобаны қорғау

Екінші кезеңде авторлық жобаларды қорғау ұйымдастырылды. Қатысушылар өздерінің кәсіби қызметіне байланысты әзірлеген жобаларын таныстырып, олардың білім беру процесіндегі практикалық маңызын дәлелдеді. Жоба – бұл шебердің кәсіби ойлау деңгейін көрсететін негізгі көрсеткіштердің бірі. Ол белгілі бір мәселені

шешуге бағытталып, нақты нәтижеге жеткізуге негізделеді. Жобалардың мазмұны қазіргі заманғы білім беру талаптарына сәйкестігімен, құрылымының нақтылығымен және оқу процесіне енгізу мүмкіндігімен ерекшеленді. Сонымен қатар, көптеген жобаларда инновациялық тәсілдер, цифрлық технологиялар және өндірістік тәжірибемен ұштастырылған әдістер ұсынылды.

Бұл кезең шеберлердің:

- ✓ аналитикалық ойлау қабілетін;
- ✓ зерттеушілік дағдыларын;
- ✓ шығармашылық әлеуетін;
- ✓ кәсіби мәселелерді шешу қабілетін айқындады.

Сонымен қатар, қатысушылар өз жобаларын қорғау барысында кәсіби пікір алмасып, тәжірибе бөлісуге мүмкіндік алды.

3-кезең: Практикалық тапсырманы орындау

Байқаудың үшінші кезеңі практикалық тапсырмаларға арналды. Қатысушыларға бірдей тапсырма беріліп, олар кабель ұшын қысып жалғау жұмыстарын орындау арқылы өздерінің кәсіби шеберлігін көрсетті.

Бұл кезең байқаудың ең маңызды бөлігі болып табылады, себебі мұнда қатысушылардың нақты кәсіби дағдылары тексеріледі. Теориялық білімнен бөлек, олардың тәжірибелік икемділігі, дәлдігі және жылдамдығы бағаланады.

Тапсырманы орындау барысында:

- ✓ еңбек қауіпсіздігін сақтау;
 - ✓ құралдарды дұрыс пайдалану;
 - ✓ жұмыс сапасы;
 - ✓ уақытты тиімді басқару критерийлері бойынша бағалау жүргізілді.
- Бұл кезең өндірістік оқыту шеберлерінің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыра алу қабілетін айқын көрсетті және олардың нақты өндірістік жағдайда жұмыс істеу деңгейін анықтауға мүмкіндік берді.

Байқаудың маңыздылығы мен болашағы

Жүргізілген байқау нәтижелері өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби шеберлігі, шығармашылық ізденісі және инновациялық көзқарастарының жоғары деңгейде қалыптасқандығын көрсетті. Қатысушылардың қызметі кешенді бағаланып, олардың кәсіби құзыреттілігінің түрлі аспектілері анықталды. Әділқазылар алқасының құрамына колледж әкімшілігі өкілдерінің, тәжірибелі өндірістік оқыту шеберлерінің, әдіскерлердің және әлеуметтік серіктестердің енгізілуі бағалау үдерісінің объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз етті. Бұл өз кезегінде байқау нәтижелерінің сенімділігі мен валидтілігін арттыруға мүмкіндік берді.

«Үздік шебер – 2026» байқауы өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби дамуына ықпал ететін тиімді педагогикалық алаң ретінде өзін көрсетті. Байқау барысында қалыптасқан тәжірибе алмасу үдерісі, жаңа идеялардың ұсынылуы және авторлық жобалардың қорғалуы білім беру мазмұнын жаңартуға және оқу үдерісінің сапасын арттыруға оң әсер етті. Сонымен қатар, бұл іс-шара педагогтердің инновациялық қызметке бейімділігін арттырып, олардың кәсіби қызметінде заманауи технологияларды, соның ішінде цифрлық және жасанды интеллект құралдарын қолдану аясын кеңейтті. Зерттеу тұрғысынан алғанда, мұндай байқауларды ұйымдастыру педагогтердің кәсіби мотивациясын арттырудың маңызды факторы болып табылады. Қатысушылардың бәсекелестік ортада өз мүмкіндіктерін көрсетуге ұмтылысы олардың үздіксіз кәсіби дамуына, өзін-өзі жетілдіруіне және кәсіби рефлексия жүргізуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, байқау кәсіби қауымдастық ішінде тиімді коммуникациялық байланыстар орнатуға, тәжірибе алмасудың тұрақты платформасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Білім беру жүйесінің қазіргі даму кезеңінде педагогтердің цифрлық және инновациялық құзыреттіліктерін дамыту ерекше өзектілікке ие. Осы тұрғыда «Үздік шебер» байқауы педагогтердің заманауи білім беру талаптарына бейімделуін қамтамасыз ететін тиімді құрал ретінде қарастырылуы мүмкін. Байқау аясында ұсынылған жобалар мен тәжірибелерді оқу үдерісіне енгізу білім беру сапасын арттырудың маңызды алғышарттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты, аталған байқауды дәстүрлі түрде жыл сайын өткізу қажеттілігі айқындалады. Жүйелі түрде ұйымдастырылатын байқаулар педагогтердің кәсіби дамуын үздіксіз қамтамасыз етіп қана қоймай, білім беру ұйымдарында инновациялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл жаңа педагогикалық технологиялардың енгізілуіне, тиімді тәжірибелердің таралуына және кәсіби стандарттардың жетілдірілуіне мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жүргізілген талдау нәтижелері «Үздік шебер – 2026» байқауының өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудағы тиімді педагогикалық құрал екендігін көрсетеді. Байқаудың құрылымдық мазмұны мен кезеңдік ұйымдастырылуы қатысушылардың теориялық білімін, практикалық дағдыларын және шығармашылық әлеуетін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, портфолио таныстыру кезеңі өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби тәжірибесін жүйелеу және оны цифрлық форматта ұсыну қабілетін айқындаса, авторлық жобаларды қорғау кезеңі олардың зерттеушілік, аналитикалық және инновациялық ойлау дағдыларын анықтауға бағытталды. Ал практикалық тапсырмаларды орындау кезеңі қатысушылардың нақты өндірістік жағдайда кәсіби әрекет ету деңгейін, еңбек қауіпсіздігін сақтау мәдениетін және технологиялық процестерді меңгеру сапасын бағалауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында байқау аясында жасанды интеллект құралдарын қолданудың педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттырудағы маңыздылығы айқындалды. Бұл өз кезегінде білім беру үдерісін цифрландыру жағдайында өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби бейнесіне қойылатын жаңа талаптарды қалыптастырады. Сонымен қатар, байқау нәтижелері педагогтердің кәсіби мотивациясын арттыруға, тәжірибе алмасу мәдениетін қалыптастыруға және инновациялық идеяларды дамытуға оң ықпал ететіндігін дәлелдеді. Әділқазылар алқасының объективті бағалауы арқылы үздік қатысушылар

анықталып, олардың кәсіби жетістіктері мойындалды, бұл өз кезегінде педагогтердің кәсіби өсуіне ынталандырушы фактор ретінде қызмет атқарады. Жалпы алғанда, «Үздік шебер» байқауы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде кадрлардың сапасын арттыруға бағытталған тиімді механизм ретінде қарастырылуы мүмкін. Осыған байланысты, аталған байқауды жүйелі түрде, яғни жыл сайын өткізу өндірістік оқыту шеберлерінің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз етуге, инновациялық педагогикалық тәжірибелерді енгізуге және білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, «Үздік шебер – 2026» байқауы өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби қызметін жетілдірудің, инновациялық тәсілдерді енгізудің және білім беру үдерісінің тиімділігін арттырудың маңызды құралы болып табылады. Сондықтан мұндай байқауларды тұрақты түрде ұйымдастыру техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің стратегиялық дамуының маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырылуы тиіс. Үш кезеңнің қорытындысы бойынша қатысушылардың жинаған ұпайлары есептеліп, «Үздік шебер – 2026» атағы ең жоғары нәтижеге қол жеткізген қатысушыға берілді. Сонымен қатар, жүлделі орындар анықталып, ерекше көзге түскен шеберлер түрлі номинациялар бойынша марапатталды. Бұл марапаттау жүйесі әрбір қатысушының еңбегін әділ бағалауға және олардың кәсіби жетістіктерін ынталандыруға бағытталды. Әсіресе арнайы номинациялар қатысушылардың түрлі қырларын ашуға мүмкіндік берді.



**НАРМАХАН МАРЖАН СҰЛТАНХАНҚЫЗЫ,**

Өндірістік оқыту шебері
ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE,
Алматы, Қазақстан

**ТАЛШЫҚТЫ-ОПТИКАЛЫҚ КАБЕЛЬДІ МОНТАЖДАУ:
ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ТӘЖІРИБЕСІ**

Бұл мақалада талшықты-оптикалық кабельдерді монтаждаудың толық технологиялық циклі, оның ішінде жобалау, төсеу, дәнекерлеу, тестілеу және эксплуатация кезеңдері жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар, монтаж сапасына әсер ететін факторлар мен қазіргі білім беру жүйесіндегі инновациялық тәсілдер талданады. Қазіргі таңда телекоммуникация саласының қарқынды дамуы жоғары жылдамдықты және сенімді байланыс жүйелерін қажет етеді. Осы талаптарға толық жауап беретін технологиялардың бірі – талшықты-оптикалық байланыс. Талшықты-оптикалық кабельдер жарық сигналдары арқылы ақпарат тасымалдау принципіне негізделген және олардың тиімділігі монтаж сапасына тікелей байланысты. Сондықтан монтаждау технологиясын дұрыс ұйымдастыру – жүйенің ұзақ мерзімді әрі тұрақты жұмыс істеуінің басты шарты.

2026 жылдың 25 ақпанында 3-курс ЭВМ23-3Б тобында «Жергілікті желілердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету» пәні аясында «Талшықты-оптикалық кабельді монтаждау» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақты педагог Нармахан М. С. жүргізді. Сабақ аралас форматта ұйымдастырылып, теориялық білім мен практикалық дағдыларды ұштастыруға бағытталды.

Сабақтың негізгі мақсаты – білім алушыларға талшықты-оптикалық кабельді монтаждау технологиясын үйрету, арнайы құралдармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру және қауіпсіздік техникасын сақтау мәдениетін дамыту болды. Осы мақсатқа жету үшін бірқатар нақты міндеттер қойылды. Атап айтқанда, студенттерге талшықты кабельдің құрылымы түсіндіріліп, бірмодалы және көпмодалы талшықтардың айырмашылығы көрсетілді. Сонымен қатар монтаждау кезеңдері – кабельді тарту, бекіту, дәнекерлеу және тестілеу жұмыстары жүйелі түрде қарастырылды.

Талшықты-оптикалық кабельдердің құрылымы және физикалық негіздері

Талшықты-оптикалық кабель – күрделі көпқабатты құрылымнан тұрады:

- **Өзек (Core)** – жарық сигналы өтетін негізгі орта
- **Қабықша (Cladding)** – толық ішкі шағылу құбылысын қамтамасыз етеді
- **Буферлік қабат** – механикалық қорғаныс
- **Күштік элементтер (Kevlar)** – кабельдің беріктігін арттырады
- **Сыртқы қабықша** – сыртқы әсерлерден қорғайды

Жұмыс принципі

Кабельдің жұмысы **толық ішкі шағылу** құбылысына негізделген. Жарық өзек ішінде шағылып, ұзақ қашықтыққа энергия жоғалтпай таралады.

Сабақтың теориялық бөлімінде талшықты-оптикалық байланыс технологиясының маңызды кеңінен түсіндірілді. Бұл технология ақпаратты жарық сигналы арқылы жеткізіп, жоғары жылдамдық пен сенімділікті қамтамасыз ететіні атап өтілді. Талшықты кабельдің негізгі құрылымдық элементтері – өзекше, қабықша, қорғаныс жабыны, күштік элементтер және сыртқы қабық – нақты мысалдар арқылы түсіндірілді. Сонымен қатар кабель түрлері (бірмодалы және көпмодалы) салыстырмалы түрде талданды.



Практикалық бөлімде білім алушылар талшықты кабельдің ұшын дайындау және сплайсинг процесін орындады. Олар кабельді аршу, талшықты тазалау, дәл кесу, дәнекерлеу аппаратымен жұмыс істеу және қорғаныш гильзасын орнату сияқты кезеңдерді тәжірибе жүзінде орындады. Бұл кезең студенттердің кәсіби дағдыларын қалыптастыруға үлкен ықпал етті.



Сабақта қолданылатын құралдар



Кабелді тазалау барысы: сыртқы қабатын ажырату, сүрту

Дәнекерлеу процесі: дәнекерлеуші аппарат



Сабақ барысында қауіпсіздік техникасына ерекше көңіл бөлінді. **Қауіпсіздік және еңбек қорғау**

- Лазер сәулесіне тік қарауға болмайды
- Шыны талшық сынықтары қауіпті
- Арнайы көзілдірік қолдану қажет
- Электр қауіпсіздігі сақталуы тиіс
-



Сплайсинг – екі оптикалық талшықты бір-бірімен дәл және тұрақты түрде біріктіру процесі. Бұл операция желінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді және сигнал әлсіреуін минимумға дейін төмендетеді.

Сплайсинг процесінің кезеңдері (Fusion)

1. **Кабельді аршу**
2. Сыртқы қабықша мен қорғаныш қабат алынады.
3. **Талшықты тазалау**
4. Изопропил спиртiмен тазаланады.
5. **Дәл кесу (Cleaving)**
6. Арнайы cleaver құралымен 90° бұрышта кесу.
7. **Аппаратта біріктіру**
8. Талшықтар автоматты түрде тураланып, балқытылады.
9. **Қорғау**
10. Жылумен қысқартатын гильза арқылы қорғалады.
11. **Сплайсинг кезінде жиі қателер**

Білімді бекіту мақсатында заманауи цифрлық құралдар қолданылды. Атап айтқанда, Genially платформасы арқылы интерактивті «Bowling Quiz» ойыны ұйымдастырылып, студенттердің теориялық білімдері тексерілді. Бұл әдіс сабаққа қызығушылықты арттырып, белсенділікті күшейтті.



Сабақ соңында студенттердің жұмысы нақты бағалау критерийлері бойынша сараланды: теориялық білім деңгейі, қауіпсіздік талаптарын сақтау, практикалық дәлдік және құралдармен жұмыс істеу шеберлігі. Сонымен қатар «Бағдаршам» әдісі арқылы рефлексия жүргізіліп, білім алушылар өз түсіну деңгейлерін бағалады. Кері байланыс алу мақсатында QR-код арқылы цифрлық платформада пікірлер жинақталды.

Қорытындылай келе, бұл ашық сабақ білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға, заманауи телекоммуникациялық технологияларды меңгеруге және тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге бағытталған тиімді педагогикалық тәжірибе ретінде бағаланды. Талшықты-оптикалық кабельді монтаждау – жоғары технологиялық және жауапты процесс. Оның сапасы байланыс жүйесінің сенімділігіне тікелей әсер етеді. Қазіргі таңда бұл салада білікті мамандарға сұраныс жоғары, сондықтан заманауи білім беру әдістерін енгізу – маңызды міндеттердің бірі.



ТУРСЫНБАЕВА МАРЖАН ЕРИШЕВНА,

Өндірістік оқыту шебері
ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE,
Алматы, Қазақстан

КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ҚАУІПСІЗ БОЛАШАҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*«Цифрлық қауіпсіздік – бұл тек технология емес,
ол – адамның қауіпсіз болашағын айқындайтын цифрлық
мәдениет».*

Қазіргі таңда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы қоғам өмірінің барлық салаларына еніп, әсіресе жасөспірімдердің күнделікті тіршілігінің ажырамас бөлігіне айналды. Алайда цифрлық кеңістіктің мұндай мүмкіндіктері тек білім мен қарым-қатынас алаңы ғана емес, сонымен қатар кибербуллинг сияқты жаңа қауіптердің таралуына да жол ашып отыр. Осылайша, қауіпсіздік мәселесі тек техникалық құралдармен ғана шектелмей, қоғамның цифрлық мәдениет деңгейімен кешенді түрде қарастырылады.

Нақтырақ айтқанда, кибербуллинг құбылысы жас ұрпақтың психологиялық жағдайына, әлеуметтік бейімделуіне және жалпы қауіпсіздігіне теріс әсер ететін өзекті әлеуметтік проблема ретінде айқындалып отыр. Осы тұрғыда кибербуллингтің алдын алу шаралары тек білім беру ұйымдарының шеңберімен шектелмей, әлеуметтік және тәрбиелік сипаттағы түйткілдер ретінде кең ауқымда талданады және цифрлық ортада тиімді технологиялық үрдісті қажет етеді.

Осы орайда, «Almaty Polytechnic College» базасында кибербуллингтің алдын алу және цифрлық қауіпсіз болашақты қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Аталған бағытта төртінші курс студенттері болашақ ақпараттық қауіпсіздік мамандары ретінде өздерінің кәсіби құзыреттіліктерін көрсетіп, бағдарламалық шешімдер әзірледі. Зерделеу нәтижесінде студенттердің цифрлық ортадағы қауіптерді тану және оларға қарсы әрекет ету дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығы айқындалды. Бұл үрдіс, әсіресе, болашақ ақпараттық қауіпсіздік мамандарын даярлау үдерісінде ерекше маңызға ие, себебі бүгінгі студент – ертеңгі цифрлық кеңістіктің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маман.

Ұсынылған жобалар цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, зиянды контентті анықтауға, сондай-ақ пайдаланушыларды қорғау механизмдерін жетілдіруге бағытталды. Аталған жұмыстар Life Skills (өмірлік дағдылар) семинар-сабағы аясында ұйымдастырылып, «Кибербуллинг және цифрлық қауіпсіздік компасы» тақырыбымен мазмұндық тұрғыда тығыз байланыста қарастырылды. Семинардың негізгі мақсаты – студенттердің цифрлық ортадағы қауіптерді түсінуімен қатар, оларды алдын алу және жоюға бағытталған нақты бағдарламалық әзірлемелерді ұсыну арқылы олардың практикалық маңыздылығын көрсету болды.

Осылайша, семинар барысында ұсынылған студенттік әзірлемелер кибербуллинг мәселесін тек теориялық деңгейде қарастырумен шектелмей, оны шешудің қолданбалы жолдарын айқындап, цифрлық қауіпсіз болашақты қалыптастыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі ретінде бағаланды.

Осыған байланысты Life Skills (өмірлік дағдылар) семинар-сабағында студенттер кибербуллингті цифрлық қауіп ретінде қарастырып, өздерін болашақ «Ақпараттық қауіпсіздік технигі» мамандары ретінде таныстырды. Олар цифрлық ортадағы ақпараттық қауіптерден қорғануға арналған бағдарламалық әзірлемелерін кәсіби білімдері мен өмірлік дағдыларын ұштастыра отырып, кибербуллингтің алдын алу және оған тосқауыл қоюға бағытталған практикалық жобалар түрінде ұсынды.

Мақаланың жалғасы төменде көрсетілген іс-шара әзірлемесі арқылы әдістемелік құрал ретінде ұсынылады /сабақтың қысқаша сипаттамасы/:

Life Skills семинар - сабағы

Тақырыбы: «Кибербуллинг және цифрлық қауіпсіздік компасы»

Мақсаты: Цифрлық ортадағы ақпараттық қауіптерден сақтанудың жолдарын алдын алуға арналған бағдарламалық жүйелер мен олардың тиімді шешімдерін көрсету, түсіндіру және үйрету.

Міндеттері:

- Қауіп түрлерін анықтау және мысалдармен түсіндіру
- Цифрлық қауіпсіздік ережелерін меңгерту;
- Бағдарламалау арқылы ақпараттық фильтр жасау жолдарын көрсету (егер жоқ болса міндетті емес)
- Сенім қызметтері мен көмек ресурстарын таныстыру;
- Жағдайлық тапсырмалар арқылы талдау жүргізу;
- Қауіптен қорғану құралдары мен техникаларын үйрету;
- Алаяқтық әрекеттерді болдырмау немесе алдын алу.

Қажетті құрал-жабдықтар: Компьютер, проектор, интерактивті тақта, интернет байланысы.

Форматы: Практикалық бағыттағы интерактивті сабақ, пікірталас (сұрақ - жауап) және бағдарламалық демонстрация.

Негізгі бағыты:

- болашақ маман ретінде ойлау;
- кәсіби тілмен сөйлеу;
- нақты өмірдегі қауіпті шешу.

Қаралатын мәселелер:

1. Ақпараттық қауіпсіздік тұрғысынан «Әлеуметтік желілердегі фишингтік шабуылдар және одан қорғану тәсілдері».
2. Цифрлық қауіпсіздік дағдылары «Кибербуллинг пен дипфейкке қарсы әрекет».
3. Цифрлық ортадағы психологиялық қауіпсіздік «Әлеуметтік желідегі суицидтің алдын алу жолдары».
4. «Әлеуметтік желілердегі жалған қайырымдылық қорлар» цифрлық қауіптері мен алдын алу жолдары.

Семинар - сабақ барысы

1. Қатысушыларға интернеттегі алаяқтық пен кибербуллингтің түрлерін таныстыру (7–9 минуттық презентация бойынша қысқаша түсінік беру, тапсырмалар ұсыну) ;
2. Цифрлық қауіпсіздік ережелерін сақтау және оның мәдениетін қалыптастыру тәртібін түсіндіру;
3. Бағдарламалау құралдары негізінде ақпараттық қауіптерден қорғанудың тиімді әдістері ТЗИ22-4 тобы студенттерінің кәсіби бағыттағы өзіндік әзірлемелері арқылы көрсетіледі.

Кіріспе

1. Кибербуллинг деген не? Ол неге ақпараттық қауіп болып саналады? Оқытушы бағыттайды, студенттер қысқа пікір айтады.

Оқытушы: Қазіргі таңда адамзат қоғамы қарқынды даму кезеңін бастан өткеруде. Ғылым мен технологияның ілгерілеуі адам өміріне елеулі өзгерістер енгізіп, жаңа қажеттіліктердің қалыптасуына әсер етті. Нәтижесінде жаһандану заманында адамдар мен жүйелер бір-біріне жақындай түсуде, ал жаңа ғасыр қоғамның ойлау жүйесі мен тіршілік тәсілін түбегейлі жаңарту үстінде келеді.

Инновация – бұл қоғамға жаңа әдістер, өзгерістер мен қайта құрулар әкелетін үдеріс, инновациялық идеялар – үнемі сынақтан өтіп, жаңарып отыратын жүйе, ал адам сол жаңашылдықтың арқасында өз шығармашылығын дамытып, жаңа идеялар мен сәтті жобалардың пайда болуына ықпал ететін субъект көзі.

Цифрландыру түсінігі – бұл ақпаратты сандық форматқа көшіру, өңдеу және автоматтандыру арқылы өндіріс, басқару, қызмет көрсету сапасын арттыратын, еңбек өнімділігін өсіретін заманауи құралдар жиынтығы. Ал ақпараттық технологиялар (АТ/ИТ) — мәліметтерді жинау, сақтау, өңдеу, тасымалдау және қорғау үшін компьютерлік техника мен бағдарламалық жасақтаманы пайдаланатын заманауи құралдар мен әдістер жиынтығы.

Адамзаттың жаңаруы мен дамуы, адам өміріндегі жаңа қажеттіліктердің пайда болуы – бизнес пен психологияның байланысын күшейтеді.

Алайда бұл үрдіс адам санасына әсер ететін түрлі қауіптіліктерді де алып келді. Біз енді осы жерде дәл сол цифрлық ортадағы ақпараттық қауіптерге – алаяқтыққа, буллингке, суицидке және әлімжеттікке қатысты мәселелерге тоқталамыз және сол қауіпке қарсы тұрудың жаңа жолдарын жасауға мүмкіндіктер қарастырамыз. Себебі қазіргі таңда проблемалық мәселелердің біріне айналған интернет пен әлеуметтік желідегі алаяқтық, буллинг, суицидке итермелеу және басқа да мәжбүрлеу жағдайларының түрлері көбейіп келеді. Бұл адамзат өміріне үлкен қауіп - қатер тудырумен қатар түрлі кедергілер тигізуде, салдарында адам өмірі қиылып өкінішті жағдайларға ұшырауда. Енді өздеріңізді бүгінгі сабаққа арнайы дайындықпен келген команда мүшелерімен таныстырып өтейік: ТЗИ22-4 тобының студенттері, төрт командадан тұрады.

Студент тұсау кесер мәтінінен бастайды:

Бүгін біз тек студент емеспіз, біз – болашақ ақпараттық қауіпсіздік мамандарымыз.

Кибербуллинг – тек әлеуметтік мәселе емес, ол цифрлық қауіп. Біздің міндетіміз – адамдарды және ақпаратты қорғау.

2. Цифрлық ортадағы ақпараттық қауіптерден (алаяқтық, буллинг, суицид және әлімжеттік жолдары) қорғануға арналған мәселелер талқыланады.

Командаларға бөлініп жұмыстар жасаймыз, әр топ өз команда мүшелерімен таныстырады, берілетін тапсырмаға шолу жасайды, цифрлық ортадағы ақпараттық қауіптерден қорғануға арналған мәселелер талқыланады, тәжірибелік жұмыстар ұсынамыз, шешу жолдарын қарастырамыз, дайын болыңыздар!

(әр топ бойынша студенттер өз тақырыптарына қысқаша түсінік береді, тапсырмасын ұсынады, регламент 7 мин.).

3. Тәжірибелік жұмыс: теорияны тәжірибемен ұштастыру мақсатында барлық жұмыстар «Ақпараттық қауіптердің алдын алуға арналған бағдарламалық жүйелер» тақырыбы аясында біріктіріліп, студенттердің тәжірибелік жұмыстары ұсынылды.

Ақпараттық технологиялар көмегімен қорғану:

- Құпиялылық баптаулары – әлеуметтік желілерде аккаунтты жабық режимге көшіру, сондай-ақ жазба қалдыру және пікір жазу мүмкіндігін шектеу арқылы пайдаланушы қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.
- Блоктау және шағымдану жүйелері – зиян келтіретін қолданушыларды бұғаттауға және платформа әкімшілігіне шағым жіберуге мүмкіндік береді.
- Жасанды интеллект негізіндегі сүзгілер – қорлайтын сөздер мен хабарламаларды автоматты түрде анықтап, оларды жоюға бағытталған.
- Ата-аналық бақылау бағдарламалары – балалардың интернеттегі әрекеттерін бақылауға және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әр топ өздерін болашақ маман ретінде таныстырып, кибербуллингтің алдын алу жолдарын ұсынады / кәсіби бағдар беру, бағыт көрсететін құрал, шешім қабылдау, /:

- кибербуллингті қауіп ретінде көрсетеді
- студенттердің болашақ ақпараттық қауіпсіздік маманы рөліне қояды
- «қалай әрекет ету керек?» деген кәсіби ойлау мағынасы жайында түсінік береді



«Цифрлық ортадағы ақпараттық қауіптерден қорғауға арналған бағдарламалық шешімдер»:

- Суицидтік контенттен қорғану; әлеуметтік желідегі қысым (әлімжеттік, қорқыту) ; алаяқтық – киберкредит; буллинг.
- Оқиға кейстері, шешу жолдары
- Қауіпсіздік код сөздерін орнату
- Қауіпті анықтау тренингі

Тақырыпты қорғау кезінде:

- ақпараттық қауіпсіздік тілі арқылы болашақ маман ретінде кибербуллингтің қауіптілігін талдау, алдын алу жолдарын ұсыну;
- сабақтың тақырыбын талқылау барысында тек білім емес, өмірде қажет болатын жауапкершілік пен кәсіби ойлау дағдысын біріктіру;

болашақ маман ретінде цифрлық кеңістікті қауіпсіз етуге үлес қосу мүмкіндігін айқындау.

Қорытынды және кері байланыс: Киберқауіпсіздік мәдениеті: әлеуметтік желідегі алаяқтық, кибербуллинг және суицидтің алдын алу жолдары

- Кері байланыс
- Ұсыныстар

111 — балаларға, әйелдерге және отбасыларын қорғау мен оларға көмек көрсетуге арналған бірыңғай байланыс орталығының нөмірі.

Сұрақ – жауап алмасу, **Назарларыңызға рахмет!**, сабақ аяқталды.

Семинар-сабақты өткізу нәтижесінде кибербуллингтің алдын алуда болашақ ақпараттық қауіпсіздік мамандары әзірлеген бағдарламалық шешімдердің маңыздылығы айқындалды. Life Skills (өмірлік дағдылар) форматы студенттердің теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік беретін тиімді білім беру алаңы екенін көрсетті.

Зерттеу барысында диплом алушы студенттердің ұсынған жобалары кибербуллингті анықтау, алдын алу және оған жедел әрекет ету бағытында нақты әрі қолданбалы шешімдер ұсынуға қабілетті екені дәлелденді. Бұл өз кезегінде олардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуымен қатар, цифрлық ортадағы әлеуметтік жауапкершілігінің артқанын көрсетеді.

Осылайша, семинар-сабақ барысында жүзеге асырылған практикалық жұмыстар кибербуллингтің алдын алу мәселесін тиімді шешуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі ретінде бағаланып, болашақ ақпараттық қауіпсіздік мамандарын даярлау үдерісінің сапасын арттыруға оң ықпал ететіні анықталды.



НУРМУХАНБЕТОВ ЕРЛАН АБЫЛКАСЫМОВИЧ,
Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пән оқытушысы
ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE,
Алматы, Қазақстан

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

Жалпы тарихты білу, ол болашаққа бағдар ұстау үшін керек. Яғни өткеннен сабақ алып, қателіктерді қайталамауға. Тарихты білмей қазіргі күн мен болашақты бағалау мүмкін емес. Қоғамның дамуы үшін азаматтардың тарихи сауаттылығы өте маңызды.

Тарихын білмейтін халықтың келешегі бұлыңғыр. Ондай халық түбінде әлем сахнасынан жойылып кетеді.

«Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел – қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатындығына көзі жетпейді» деп Міржақып Дулатұлы атамыз бекер айтпаған. «Жеті атасын білмеген жетесіз» демекші, қазіргі таңда тарихтың бетін ашпаған, жеті атасын білмейтін жастар көбейіп барады. Осындай жастардың көбеюінің бірнеше себептері бар. Ең көп таралаған себептердің бірі бұл әрине отбасындағы тәрбие.

Балаға жеті атасы туралы мүлдем айтылмайтын болса, баланың өз тарихы бойынша білімі өте төмен болып қалыптасады. Сондықтан баланы кішкентай кезінен өз тарихы туралы айтып өсіру керек.

Балаға тарих туралы ақпараттар беру арқылы біз «бұл менің елім, жерім» деп мақтанып, патриоттық сезімдері тасып тұратын жас ұрпақтарды тәрбиелей аламыз. Ал патриоттық сезімі тасып тұрған жастар қазақ елін тек гүлдендіре түседі.

Ұлы даламыздың тарихы тереңде жатыр, қазіргі таңда біз білмейтін тарихи оқиғалар көп. Сол тарихты біз зерттесек, кім зерттейді?

Мағжан Жұмабаев атамыз «Мен жастарға сенемін» деп кеткен болатын, сол кісінің үмітін ақтайық. Тарихты білу өз еліңді, ата-бабаңды құрметтеу.

Қазіргі қоғам дамуы тұлғаның жаңа әлеуметтік типін қалыптастыруды талап етеді. Біздің қоғам өзіне сенімді, жарқын тұлғалы, өзіне тән белсенді азаматтық ұстанымы бар, саналы шешім қабылдай алатын және өз ісіне жауапкершілікпен қарай алатын іскер адамдарды қажет етеді. Мұғалімдердің, философтардың, психологтардың, саясаткерлердің жіті назарындағы азаматтық-патриоттық тәрбие – білім беру жүйесінің маңызды бөліктерінің бірі, объектісі. Қазіргі жағдайда заң мен қоғамды құрметтейтін, Отанын сүйетін, іскер, жасампаз, бәсекеге қабілетті азаматтарды тәрбиелеу үшін патриоттық білім мен тәрбиені тиімді ұйымдастыру міндеті тұрғаны кездейсоқ емес. Бұл кез келген адамның жеке басымен қатар, мемлекетке де, қоғамға да өзекті болып танылады. Азаматтық-патриоттық мәселелерді шешу бірқатар іс-шаралар жүргізу арқылы жүзеге асады. Дегенмен патриотизмді мемлекеттік идеологияның бір бөлігіне айналдыруға қанша тырысқанымызбен, нақты нәтиже әлі де күтілетін деңгейге сәйкес келмей жатқан кездерге де куә болып жатамыз. Жастарды нақтылап айтсақ, патриот жастарды тәрбиелеуде маңызды саналатын – ең алдымен орын оқу орындары, оның ішінде мектеп. Азаматтық-патриоттық мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру білім беруден басталған кезде тамыры терең болады. Азаматтық патриоттық тәрбиенің табысты болуы – тікелей біртұтас білім беру жүйесіне, мұғалімдерге байланысты. Мазмұнды жаңарту шарттарының бірі – оқушыларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу, педагогикалық кадрлардың кәсіби деңгейін арттыру.

Патриоттық тәрбие беру барлық пәндерге қатысты. Оқушылардың пәнге деген ынтасын, қызығушылығын арттыру үшін түрлі жаңа әдістемелік технологияларды пайдалана отырып, сабақ өткізу арқылы тәрбиені еселей түсуге болады. Бұл өз кезегінде оқушылардың орынсыз мінез-құлық танытпауына, әр тапсырмаға мұқият және жауапкершілікпен қарауға, мұқият ойлануға, бағдарламалық материалдарды оңай және тез меңгеруге, сабақта жалықпауына, зейіндерінің шоғырлануына көмектеседі. Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның әл-ауқаты қоғамдық және мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланысты екенін сезіну және мемлекеттің нығайуы жеке тұлғаның нығайуы екенін мойындау, қарым-қатынастарын білдіреді. Осыған байланысты оқытудың үш негізгі міндетіне: танымдық, тәрбиелік, дамытушылыққа жету үшін оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге үйрету

жатады. Сондықтан баланың шығармашылық қабілетін дамыту, ізденушілік, білімдерін практикада пайдалана білуге үйрету бағытында жұмыс істелгені дұрыс.

Расында, ұлтына деген сүйіспеншілігі жоқ адамнан адамгершілікті де, қамқорлықты да, адалдықты да, мәдениетті де күтуге болмайды. Осы тұрғыдан алғанда патриоттық тәрбие тәрбиенің негізгі бағыттарының бастауы десек қателеспейміз. Қазір бұрынғыдай буржуазиялық немесе пролетарлық патриотизм жоқ. Әр мемлекет өз мүддесін қорғайды. Өз халқымыздың өткеніне көз жүгіртсек, отаншылдықтың ұлы үлгілерін көреміз. Тәуелсіздік алғаннан кейін қоғамда жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген жаңа идеологияны қалыптастыру қажет болды. Бұл идеология отансүйгіштік, қазақ патриотизмі және ұлтшылдық ұғымдарына негізделген. Қазақ ағартушылары Ш. Уәлиханов, Абай, Ы. Алтынсарин және тағы басқалар патриоттық туралы түрлі толғанысты ойларын қалдырды. Олардың шығармаларында ұлтын шын беріле сүю, елге, жерге деген отаншылдық махаббат көрініс тапты. Ұлт батыры Бауыржан Момышұлының сөзіне жүгінсек: «Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз – мемлекет деген ұғымды, оны жеке адам мен барлық жағынан өткені мен бүгінгі күнімен және болашағы мен қарым-қатынасын біріктіреді». Патриоттық сезім – туа біткен қасиет. Бала кезден негізі қаланатын бұл сезім, ең алдымен, ата-анасына, жанұясына, туысқандарына, өсе келе достарына, одан кейін туған еліне, туған жеріне деген ыстық ықыласпен, адам есейген сайын бірте-бірте ұлт, халық, қоғам, мемлекет деңгейіне көтеріліп, өмір бойына жалғасады. Қазақстандық патриотизм – дербестігімізбен қатар, еліміздің тұрақтылығын, дамуын, саяси-әлеуметтік жағдайдың ерекшеліктерін көрсететін жаңа ұғым. Жастарды патриоттыққа тәрбиелеу – еліміздің мемлекеттік жастар саясатының бір бөлігі. Өз елінің патриоты болу – мақтаныш пен абырой кез келген адам үшін қашанда үлкен мәртебе. Әрбір адам баласы туа сала емес, жүре келе, көре келе, ести келе, тәрбиелене келе патриотқа айналады. Мәселе дер кезінде оң бағыт пен тура жолды нұсқай алуда жатыр. Оның үстіне, тұрақты дамып келе жатқан

мемлекетте патриоттық тәрбие беруге үлкен мән бере отырып қадағалау керек. Қалай алып қарасақ та, тиімді патриоттық саясатты жүзеге асырудың арқасында бүгін елімізде тұрақты қоғамдық келісім орнаған. Әрбір азамат күнделікті өмірде көрініс табатын патриотизмнің сөзсіз қажеттілігін бірауыздан мойындаған. Қай мемлекеттің болсын даму тарихына үңілсек, патриоттық саясат дұрыс жүргізілмесе, түрлі қиындыққа тап болғанын көруге болады. Ал біздің елімізде ең бастысы бейбітшілік пен келісім орнап отыр. Бұл елімізде жүргізілген отансүйгіштік идеологияның дұрыс жүзеге асқанының жемісі, қазақ жерін мекен еткен әрбір ұлт пен ұлыстың, әр азаматтың таңдауы. Патриоттыққа үндейтін сарабал саясаттың арқасында еліміз тәуелсіздікті алған жылдардағы қиын кезеңнен жұтылып кетпей, керісінше азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеуді мақсат етіп, бір жұдырық болып ұйысып шықты. Ең маңызды идеологиялық міндет – қазақстандық патриотизмді қалыптастыру болып айқындалып және отансүйгіштік Әділетті Қазақстанды құрудың маңызды факторларының бірі болып танылды.

Қарағанды теміржол колледжінің оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері — педагог-зерттеуші Гүлнәр Арынғазы және педагог-сарапшы Төлеуханова Индира Рахметжановна әзірлеген «Жүк тасымалы негіздері» оқу куралының таныстырылымы, сондай-ақ білім алушылардың мотивациясын, қатысуын және оқыту сапасын арттыруға бағытталған білім беру үдерісінде оны тиімді пайдалану тәжірибесін жинақтау және тарату мақсатында шеберлік –сыныбын 31 наурыз 2026 жылы өткізді.

Инновациялық әдістерді қолдану, тәжірибеге бағытталған оқыту және цифрлық технологияларды пайдалану студенттердің білім сапасын арттырудың тиімді жолы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Жүк тасымалы негіздері» оқу құралы.
2. Қазақстан Республикасының «Теміржол көлігі туралы» Заңы.
3. Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік стандарты.
4. Логистика және көлік тасымалы бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттер.

ТИЛЕКЕЕВА ЖАДЫРА САРСЕМБАЕВНА,

Жамбыл облысы, Қордай ауданы

№4 Балжан Бөлтiрiкова атындағы мектеп-лицейiнiң
тарих пәні мұғалiмi, педагог-шебер

ТАРИХИ САНА – ҰЛТТЫҚ ДІНГЕК

(Авторлық бағдарлама негізінде)

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты сақтап қалу мен болашақ ұрпақтың рухани иммунитетін нығайту мәселесі кез келген халықтың басты бағытына айналды. Осы орайда, мектептегі тарих пәні тек өткен күннің деректері мен оқиғаларын баяндайтын ақпараттық пән емес, ұлттың ішкі мазмұнын айқындайтын, тарихи жадыны жаңғыртатын басты құрал болып табылады. «Тарихи сана – ұлттық дінгек» авторлық бағдарламасы дәл осы мақсатты жүзеге асыру үшін, яғни тарихты оқытуды жаңа сапалық деңгейге көтеріп, оқушылардың бойында біртұтас елдік көзқарас қалыптастыру үшін әзірленген әдістемелік жүйе. Бағдарламаның негізгі өзегі — Сақ дәуірінен басталып, Түркі қағанаттарымен жалғасқан, Алтын Орда мен Қазақ хандығы арқылы бүгінгі Тәуелсіздікке ұласқан тарихтың үзілмеген алтын желісін оқушы санасына ұлттық дінгек ретінде орнықтыру. Тарих пәні мұғалімдері үшін бұл бағдарламаның берері мол, себебі ол оқытудың дәстүрлі тәсілдерінен, яғни құрғақ даталарды жаттаудан бас тартып, зерттеушілік және сараптамалық бағытқа көшудің нақты жолдарын үйретеді. Білім беру үдерісінде деректермен жұмыс істеу, тарихи жағдаяттарды модельдеу және тұлғалық таңдау әдістерін қолдану арқылы мұғалім оқушыны жай тыңдаушыдан белсенді зерттеуші деңгейіне көтерудің педагогикалық тетіктерін меңгереді. Педагог бұл бағдарлама арқылы оқушыға тарихи фактіні қабылдап қана қоймай, оның астарына үңілуді, деректерді салыстыруды және оқиғаларға ұлттық мүдде тұрғысынан баға беруді үйретудің әдістемелік алгоритмін игереді. Бұл тәсіл әсіресе бүгінгі цифрлық ұрпақтың сыни ойлауын дамытуда таптырмас көмекші болып табылады.

Мақаланың өзегінде жатқан басты идея — мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін жаңа мазмұнмен толықтыру. Авторлық бағдарлама педагогке цифрлық технологияларды, инфографикаларды және виртуалды музей турларын пайдалана отырып, тарихты жанды дүниеге айналдыруды, сол арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыруды үйретеді. Оқытушы бұл жүйені меңгеру арқылы оқушының тек білімін ғана емес, оның ішкі дүниесі мен азаматтық ұстанымының қалай қалыптасып жатқанын бақылауды және ғылыми негізде бағалауды үйренеді. Бағдарламаның практикалық құндылығы сонда, ол педагогқа әрбір сабақты ұлттық кодты сақтау идеясымен ұштастырудың нақты жоспарын ұсынады. Мұғалім Сақ дәуірі мен Тәуелсіз Қазақстан арасындағы үзілмеген байланысты көрсете отырып, оқушының бойында өзін ұлы тарихтың жалғасы ретінде сезіну сенімін ұялатудың әдістерін меңгереді. Апробация нәтижелері көрсеткендей, бұл әдістеме мұғалімнің кәсіби шеберлігін шыңдап, оның сабақ беру стилін шығармашылық арнаға бұрады. Мұғалім бұрынғыдай тек оқулық шеңберінде қалмай, архивтік деректермен, карталармен және ғылыми зерттеулермен жұмыс істеуді сабаққа икемді кіріктіруді үйренеді. Бұл өз кезегінде оқушылардың ғылыми-зерттеу жобалары мен олимпиадалардағы жетістіктерінің артуына тікелей ықпал етеді. Осы бағыттағы әдістемелік жұмыс мұғалімге тарихи деректерді тек факт ретінде емес, тәрбие құралы ретінде қолдануды меңгертеді.

Мұғалім сабақ барысында «Менің бабам осы тарихтың қай жерінде?», «Бұл оқиғаның маған қандай қатысы бар? » деген сұрақтарды оқушының өзіне қою арқылы оның жеке басының тарихқа деген эмоционалды

байланысын арттыруды үйренеді. Педагогикалық шеберлік оқушының тарихи оқиғаларды сырттай бақылаушы емес, сол тарихтың мұрагері екенін түсінуіне жол ашады. Бағдарламаның тағы бір маңызды қыры — мұғалімдерді тарихи деректерді ұлттық мүдде тұрғысынан қайта зерделеуге бағыттауы. Оқушыларға тарихты біреудің көзқарасымен емес, төл тарихымыздың ішкі заңдылықтарымен түсіндіру — бүгінгі тарихшы-ұстаздардың алдында тұрған басты міндет. Мұғалім бұл бағдарлама арқылы тарихи тұлғалардың портретін жасауды, олардың ел тағдырындағы шешімді сәттеріне талдау жасауды және сол арқылы оқушының бойындағы адамгершілік, батырлық, адалдық қасиеттерін оятуды үйренеді. Бұл процесс мұғалімнің де өзіндік зерттеушілік әлеуетін аша түседі. Сабақта қолданылатын әрбір әдіс-тәсіл оқушының тарихи санасын оятып қана қоймай, оның болашақта ел мүддесін қорғайтын саналы азамат болып қалыптасуына негіз болады. Педагогтер үшін бұл жүйе оқушымен тіл табысудың, оның назарын тарихтың күрделі кезеңдеріне аударудың тиімді жолдарын көрсетеді.

Сабақтардың мазмұны ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталғандықтан, мұғалім әр сағатта жаңа қырынан танылып, шәкірттерінің алдында беделді тұлғаға айналады. Бұл бағдарлама педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттырып, оның шығармашылық жұмыс істеуіне кең жол ашады. Қорыта келгенде, «Тарихи сана – ұлттық дінгек» бағдарламасы педагогтерді тарихты жай ғана оқытушы емес, ұлттық құндылықтарды насихаттаушы әрі зерттеуші ретінде қалыптастырады. Біз тарих сабағы арқылы тек кешегі күннің шежіресін оқытып қоймаймыз, біз рухы мықты, тамыры терең, рухани дінгегі берік ұрпақты тәрбиелеудің жолдарын меңгереміз. Тарих пәнінің әрбір мұғалімі бұл жүйені меңгеру арқылы оқушының танымдық көкжиегін кеңейтіп, оның бойындағы отаншылдық сезімді оятудың нақты тетіктеріне ие болады. Тарихи жадысы берік халық қана жаһандық бәсекеде өз жолын таба алады, сондықтан мұғалімнің басты міндеті — тарихты жай ғана білетін емес, оны сезінетін және одан сабақ алатын азамат қалыптастыру. Осы бағыттағы әдістемелік ізденістер ұлттық тарихымызды дәріптеудің жаңа белестерін ашып, елдік мұратқа қызмет ететін болады. Педагогтер үшін бұл бағдарлама кәсіби өсудің, жаңа әдістемелік табыстардың және шәкірт жүрегіне жол табудың басты кепіліне айналады. Бұл бағыттағы жұмыстар тарих сабағының беделін арттырып, оны мектептің рухани орталығына айналдыруға мүмкіндік береді. Осылайша, тарихты оқыту үдерісі жалаң фактілерден арылып, ұлттық болмысты нығайтатын тірі ағзаға айналады. Бұл мұғалімнің де, оқушының да ортақ тарихқа деген көзқарасын жаңа белеске көтереді. Тамыры тереңге жайылған тарих қана ертеңгі күннің нық қадамын қамтамасыз ете алады. Ұстаз еңбегінің жемісі — өз елін сүйетін, тарихын мақтан тұтатын, ұлттық дінгегі мықты саналы ұрпақ. Бұл бағдарлама осы жолдағы әрбір педагогтың сенімді серігі мен әдістемелік темірқазығы болып қала бермек.

РЫСБЕРГЕНОВА МӨЛДІРАЙЫМ ӘШИМХАНОВНА,

«Ажар бөбекжай» балабақшасының тәрбиешісі

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Сабыр Рахимов елді мекені, Көкібел ауылы

ҚАРИЯСЫ БАР ҮЙДІҢ -ҚАЗЫНАСЫ БАР

Балабақшамызда отбасы құндылықтарын дәріптеу мақсатында бағытталған. Аталар мектебі аясында «Қариясы бар -үйдің қазынасы» атты іс-шара өтті. Мақсаты – атаның үйдегі рөлін айқындау. Бала тәрбиесіндегі жауапгершілікті айқындау және аталар мектебінің мерейін үстем ету. Іс-шараға балабақша меңгерушісі мен тәрбиешілер қатысып аталарға қолдау көрсетті. Кездесу барысында бала тәрбиесінің маңызы кеңінен қозғалып аталар балалар арасында түрлі қызықты ойындар ұйымдастырылды. Соның бірі-«асық түсіне қарай жинастыру ойыны бұл ойында балалар мен аталарға түрлі-түсті асықтар беріліп оларды түстеріне қарай орналастыру тапсырылды. Ойын ата мен бала арасындағы байланысты нығайтып ұйымшылдықпен шапшаңдықты арттырды. Сонымен қатар бірнеше сергіту және топтық ойындар ойнатылып қатысушылар белсенділік танытты. Шара барысында балабақша меңгерушісі Ахаева Бағила апай лебізін білдіріп атаның бала тәрбиесіндегі орны ерекше екенін атап өтті. Ол отбасы мен балабақша арасындағы байланыс саналы түрде жүргізілуде

Ұрпақ тәрбиелеуде негізгі екенін айтып, шараны ұйымдастырған ұжымға алғысын жеткізді. «Жылы жүрек» бөлімінде аталар балабақша ұжымына меңгерушілермен тәрбиешілерге жүрек жарды тілектерін арнап ризашылықтарын білдірді. Түрлі салада қызмет ететін аталарды бас қосып бала тәрбиесі жайында ой бөлісу шараның тәрбиелік мәнін арттыра түсті. Осындай мазмұнды кездесулер отбасы құндылығын нығайтып, аталар мектебінің мерейін үстем ете бермек. Ата -отбасының тірегі ал атаның өнегесі- ұрпаққа мәңгілік мұра. «Қариясы бар үйдің -қазынасы бар» атты шара- отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық нығайтқан тәрбиелік мәні зор кездесу болды. Аталардың белсенді қатысуы, балалармен бірге ойын ойнап пікір алмасу -ата бала арасындағы байланысты тереңдете түсті.

Мұндай тағылымды іс-шаралар атаның отбасындағы беделін арттырып қан қаймай жас ұрпақтың бойына құрмет сүйіспеншілік жауапгершілік сияқты асыл қасиеттерді сіңіреді. Ата өнегесін көріп өскен бала -елін сүйетін саналы азамат болып қалыптасар сөзсіз. Отбасы құндылығын сақтап аталар мектебінің мерейін үстем ету-баршамызға ортақ міндет.

Отбасы құндылығын сақтап аталар мектебінің мерейін үстем ету-баршамызға ортақ міндет.

МАМЫРОВА АЙШОЛПАН ЕРМАХАНҚЫЗЫ,
«Ажар бөбекжай» балабақшасының тәрбиешісі
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Сабыр Рахимов елді мекені, Көкібел ауылы

ӘКЕ – АСҚАР ТАУ

Әке – әр отбасының тірегі, шаңырақтың қорғаны, бала өміріндегі ең қадірлі жанның бірі. Қазақ халқы ежелден әкенің аса құрметтеп, оның орны биік бағалаған. «Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген нақыл сөз осынынақын дәлелі. Асқар тау алыстан мен мұңдалап, биіктігімен көзге түсе, әкеде отбасының еңсесін тіктеп, балаларына қорған болып тұрады. Әке – тек асыраушы ғана емес, ол – ақылшы, тәрбиеші, өмірдің мәнін ұқтыратын ұстаз.

Әкенің бала өміріндегі орны ерекше. Бала алғаш өмірге келген сәттен бастап әкенің қамқорлығын сезінеді. Әке отбасының берекесі үшін еңбек етеді, балаларының жақсы білім алып, тәрбиелі болып өсу үшін бар күшін салады. Әкенің маңдай тері мен адао еңбегі – баласының болашағын салынған үлкен жол.

Қазақ халқында әке тәрбиесіне ерекше мән берілген. «Әке көрген ооқ жонар, ана көрген тоң пішер» деген мақал баланың тәрбиесі көбіне ата -ананың үлгісіне қалыптасатынын көрсетеді.

Әке баласына батылдықты, адалдықты, еңбекқорлықты үйретеді. Оның әрбір сөзі мен ісі бала үшін үлкен өнеге.

Әке – баласына жол көрсететін шамшырақ. Қиындықты кездескен кезде әкенің ақылы мен қолдауы балаға күш береді. Әкенің бір ауыз сөзі кейде өмір бойы бағыт беретін үлкен тәрбие болады.

Сондықтан халық арасында «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген дана сөз бар.

Әкенің мейірімі кейде сырт көзге байқала бермейді. Бірақ оның жүрегіндегі балаға деген махаббат шексіз. Әке баласының қуанышына қуанып, қиындықта қолдау көрсетеді. Баласының жақсы азамат болып өсуі – әр әкенің ең үлкен арманы.

Қазақ қоғамында әке – отбасының ғана емес, бүкіл әулеттің абыройын сақтайтын тұлға. Әкенің тәрбиесін көрген бала ертең елге қықмет ететін азамат болып өседі.

Сондықтан да халқымыз « Жақсы әке – жаман балаға қырық жыл азық» деп бекер айтпаған. Әкенің берген тәрбиесі баланың өміріне ұзақ жылдар бойы бағыт береді.

Әке – асқар тау секілді биік, берік әрі сенімді. Ол – отбасының қорғаны, баланың өмірдегі тірегі. Әкенің мейірімі, ақылы мен еңбегі әр баланың жүрегінде мәңгі сақталады. Әкеңнің құрметтеу – өзіңнің тамырыңды, отбасының қадірін құрметтеу деген сөз.

«Әке - асқар тау,

Ана – мөлдір бұлақ,

Бала – сол таудың баурайындағы өмірдің жалғасы. »

«Әкенді құрметтесең – елді құрметтегенің,

Отбасыңды қадірлесең – өзіңді қадірлегенің. »

ӘЛІМБАЕВА ЖАДЫРА ӨМІРЗАҚҚЫЗЫ,

«Ажар бөбекжай» балабақшасының тәрбиешісі

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Сабыр Рахимов елді мекені, Көкібел ауылы

ҚАРТТАРЫМ - АСЫЛ ҚАЗЫНАМ

Қарттар- әр отбасының берекесі, ақылшысы, асыл қазынасы әрбір үйде ата-әженің орны ерекше. Олар бізге өмірдің мәнін түсіндіріп, жақсы мен жаманды ажыратуды үйретеді. Аталарымыздың ақылы мен әжелеріміздің мейірімі -біз үшін үлкен тәрбие мектебі. Қазақ халқы ежелден үлкенді сыйлап, қарияларды құрметтеген. <<Қариясы бар үй- қазынасы бар үй>> деп бекер айтылмаған. Өйткені үлкен кісілердің өмір тәжірибесі мол, айтқан әрбір сөзі бізге өнеге. Олар өткен өмір жолынан сыр шертіп, елдің тарихын, салт-дәстүрін бізге жеткізеді. Ата мен әже немерелеріне әрдайым қамқор болып, ертегі айтып, ақ батасын береді.

Немерелер үшін олардың жылы сөзі мен ақыл – кеңесі өте қымбат. Қариялардың батасы әр істің берекесі деп саналады. Сондықтан біз әрдайым үлкендерді құрметтеп, олардың көңілін табуға тырысуымыз керек. Қарттарымыз аман болса, отбасымызда береке мен бірлік болады. Біз үшін олар-асыл қазына, сарқылмас байлық демекші

“ Ажар” бөбекжай балабақшасында Әжелер мектебінде “Қарттарым -асыл қазынам” атты ашық іс әрекет өтпіді

Ақ әжелеріміз қонаққа келіп балаларға ұлттық салт- дәстүрімізді, ұлттық тәлім тәрбие туралы, жүнді қалай түту керек екенін үйретіп, сүтті қайдан алатынымызды, сүт тағамынан қандай тағамдар жасалатынын үйретіп айтып түсіндірді.

КУНАФИНА ЭЛЬВИРА ТУСУПХАНОВНА,

«Жетісу облысы, Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

«№14 орта мектеп-гимназиясы» КММ

Бастауыш сынып мұғалімі

**МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ БАСТАУЫШ
СЫНЫПТАРДА ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН
МҮМКІНДІКТЕРІ**

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыны тек біліммен қаруландыру ғана емес, оны өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана алатын, шығармашылық тұрғыдан ойлайтын тұлға ретінде қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда бастауыш сыныптағы математика пәні ерекше маңызға ие. Себебі математикалық білім – баланың логикалық ойлауын, талдау жасау қабілетін, зейінін және танымдық белсенділігін дамытатын негізгі пәндердің бірі. Бүгінгі таңда дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану қажеттілігі артып отыр. Өсіресе бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес ойын технологиялары, саралап оқыту, деңгейлік тапсырмалар, цифрлық ресурстар мен интерактивті тәсілдерді пайдалану оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Осы мақсатта авторлық бағдарлама әзірленіп, тәжірибеде қолданылды.

Бұл бағдарлама бастауыш сыныптарда математиканы оқытуда жаңа әдістемелік тәсілдерді қолданудың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін кеңінен қарастырады. Ең алдымен, бағдарламаның жаңашылдығы оның құрылымдық тәсілінде жатыр: әр тақырып арнайы әзірленген әдістемелік материалдармен толықтырылып, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған. Бағдарламада қолданылатын әдіс-тәсілдер оқушылардың жас ерекшеліктеріне және олардың жеке қабілеттеріне сәйкес келеді.

Бағдарламада сыни ойлау, проблеманы шешу және өз бетімен оқу дағдыларын дамытуға бағытталған әдістер қамтылған. Сонымен қатар, бағдарламаның тағы бір жаңашылдығы – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) оқыту процесіне кеңінен енгізу. Математика пәніне арналған электронды оқу құралдары мен ойын платформалары оқушылардың қызығушылығын арттырады, әрі пәнді меңгеруді жеңілдетеді.

Қазіргі заманда білім беру саласында жаңа технологиялар мен әдістемелік тәсілдерді қолдану маңызды болып табылады. Бастауыш сыныптарда математика пәнін оқытуда жаңа әдістерді енгізу – оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытуға, математикалық түсініктерін тереңдетуге, әрі білім сапасын арттыруға үлкен ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, авторлық бағдарлама өзекті, себебі қазіргі білім беру процесіне жаңаша тәсілдер мен заманауи әдістерді тиімді қолдану қажеттілігі туындап отыр. Балалардың математикаға деген қызығушылығын арттыру, оларды шығармашылыққа баулу және практикалық дағдыларды қалыптастыру үшін жаңа тәсілдерді енгізу маңызды. Бұл бағдарлама сол қажеттіліктерді толықтай қанағаттандыруды көздейді.

Бастауыш сынып оқушылары ақпаратты ойын, көрнекілік және әрекет арқылы тез қабылдайды. Сондықтан математиканы оқытуда қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдер оқушының жас ерекшелігіне, қызығушылығына және қабылдау деңгейіне сәйкес ұйымдастырылуы қажет.

Математика сабағында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдерге мыналарды жатқызуға болады:

- ойын арқылы оқыту;
- проблемалық оқыту;
- деңгейлік тапсырмалар;
- топтық және жұптық жұмыс;
- STEM элементтері;
- цифрлық платформаларды пайдалану;
- кері байланыс әдістері;
- зерттеушілік тапсырмалар.

Мысалы, «Ойлан – жұптас – бөліс», «Кубизм», «Математикалық эстафета», «Сандар сөйлейді» сияқты әдістер оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына ықпал етеді. Бастауыш сыныпта математиканы оқытуда көрнекілік пен практикалық әрекет маңызды орын алады. Сондықтан жаңа әдістер оқушыны тек тыңдаушы емес, білімді өз бетімен ізденуші тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталады.

Авторлық бағдарламада математикалық ұғымдарды жеңіл меңгертуге арналған шығармашылық тапсырмалар, логикалық есептер, ойын элементтері мен өмірмен байланысты практикалық жұмыстар қамтылды. Бағдарламаның негізгі мақсаты – оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру және пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру.

Бағдарлама барысында:

- оқушылардың есеп шығару дағдылары дамыды;
- логикалық ойлау қабілеті артты;
- өздігінен шешім қабылдау белсенділігі қалыптасты;
- сабаққа қатысу көрсеткіші жоғарылады;
- пәнге қызығушылық күшейді.

Сабақтарда қолданылған интерактивті тапсырмалар мен ойын технологиялары оқушылардың еркін ойлауына және білімді тез меңгеруіне мүмкіндік берді. Әсіресе үлгерімі төмен оқушылардың пәнге сенімі артып, белсенділігі байқалды.

Қорыта айтқанда, бастауыш сыныптарда математиканы оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану – білім сапасын арттырудың тиімді жолы. Заманауи технологиялар мен инновациялық әдістер оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып қана қоймай, олардың логикалық ойлауын, танымдық белсенділігін және функционалдық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Авторлық бағдарламаны тәжірибеде қолдану нәтижесінде оқушылардың математикалық білім деңгейі мен оқу мотивациясының артқаны байқалды. Сондықтан бастауыш білім беру жүйесінде жаңа әдіс-тәсілдерді жүйелі түрде енгізу – бүгінгі күннің маңызды талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жұмабаев, Ә. М. Бастауыш сыныпта математиканы оқыту әдістемесі. // Оқу құралы, «Алматыкітап» баспасы, 2018. – 156 б.
2. Құлжанова, М. Б. Педагогикалық технологиялар және білім беру жүйесіндегі жаңалықтар. // Оқу құралы, «Атамұра» баспасы, 2020. – 198 б.
3. Төлегенова, А. С. Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемелік негіздері. // Монография, «Фолиант» баспасы, 2019. – 240 б.
4. Мұқашева, Р. Ә. Математика пәнін оқытуда ойын технологияларын қолдану. // Оқу-әдістемелік құрал, «Қазақ университеті» баспасы, 2021. – 132 б.
5. Еспенбетова, С. М. Бастауыш мектепте математикалық ойлау дағдыларын дамыту. // Оқу құралы, «Мектеп» баспасы, 2020. – 178 б.

УМБЕТАЛИЕВА САЛТАНАТ НҰРЛАНҚЫЗЫ,

Атырау облыстық дарынды балаларға арналған
интернаттық мекемесі бар ұлттық гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, магистр, педагог-сарапшы

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЗЕРТТЕУ
ЖОБАЛАРЫ АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ****Аннотация**

Мақалада 8-сынып оқушыларының тілдік құзыреттілігін зерттеу жобалары арқылы арттырудың тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылады. Онда тақырыптың өзектілігі мен теориялық негіздемесі, «тілдік құзыреттілік» ұғымына жаңаша түсінік беру, зерттеу жобаларының түрлері және олар арқылы тілдік құзыреттілікті қалыптастыру жолдары талданады. Сондай-ақ, сабақта қолдануға болатын практикалық тәсілдер мен тапсырма үлгілері ұсынылады.

Кілт сөздер: тілдік құзыреттілік, зерттеу жобасы, жобалап оқыту, құзыреттілікке негізделген оқыту.

Қазіргі заманда білім беру үрдісі мазмұндық тұрғыдан жаңарып, құзыреттілікке бағытталған оқыту басты назарда тұр. Қазақстанның білім беру жүйесі жаңартылған оқу бағдарламасына көшіп, оқыту мазмұнымен қатар әдістемеге де жаңашыл көзқарас талап етілуде. Бұл реформаның өзегі – оқушының меңгерген білімін өмірде қолдана алу қабілетін қалыптастыру, яғни құзыреттіліктерін дамыту. Тілдік құзыреттілікті дамытып, коммуникативтік дағдылары жоғары оқушы тәрбиелеу – бүгінгі қазақ тілі пәні мұғалімдерінің басты міндеттерінің бірі. Себебі кез келген пәнді меңгеру және оны өмірде пайдалану тіл арқылы жүзеге асады: оқушы өз білімін өзгелерге жеткізіп, ортада қолдана алмаса, білімнің пайдасы болмайды.

Осы тұрғыдан алғанда, оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттыруда зерттеу сипатындағы жобаларды оқу үдерісіне енгізу – өте өзекті қадам. Жобалап оқыту технологиясы оқушыларды өздігінен білім алуға, зерттеушілік ізденіске ынталандыратын заманауи әдіс болып саналады. Зерттеу жобалары оқушылардың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттырады, нәтижесінде, олар оқу мақсаттарына өз бетімен жетуге ұмтылады. Ғалым-педагогтердің пайымдауынша, жобалық әдісті қолданудың бастапқы тиімділігі – оқушылардың танымдық қызығушылығы мен дербестігін дамытуында жатыр. Оқушылар жобамен жұмыс барысында ақпарат іздеу, талдау жасау, шығармашылық шешім табу секілді әрекеттерді тілдік ортада орындайды. Демек, зерттеу жобалары арқылы оқыту оқушылардың тек пәндік білімін емес, сонымен бірге тілдік коммуникация, сыни ойлау, бірлесіп жұмыс жасау дағдыларын қатар дамытуды қамтамасыз етеді. Бұл теориялық негіздеме жобалап оқыту мен құзыреттілікке бағытталған оқыту қағидаларының өзара үйлесіміне сүйенеді.

«Құзыреттілік» түсінігін ғылымға алғаш рет америкалық тілші Ноам Хомский енгізген еді, ол бастапқыда бұл ұғымды тілдің грамматикалық құрылымдарын теориялық тұрғыда білу деп түсіндірді. Дәстүрлі тіл білімінде «тілдік құзыреттілік» көбіне тіл ережелерін, сөздік қор мен грамматиканы меңгеру деңгейі ретінде қарастырылды. Алайда қазіргі әдістемеді бұл ұғым әлдеқайда кеңейтіліп, коммуникациялық-қатысымдық мағынаға ие болды. Яғни, бүгінгі түсінік бойынша тілдік құзыреттілік – тілдік білімді практикалық қолданысқа жеткізе алу, өмірдің түрлі жағдайында тіл арқылы қарым-қатынас жасап, ойды жеткізе білу қабілеті. Бұл анықтамаға сай, оқушы тек тілдің құрылымын біліп қана қоймай, оны нақты коммуникацияда тиімді пайдалана алуы тиіс.

Қазіргі білім беру бағдарламасында тілдік құзыреттілік төрт негізгі дағдының – айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылымның – жиынтығын толық меңгеруді білдіреді. Мұнда грамматикалық сауаттылықпен қатар, сөйлесім мәдениеті, сөз байлығы, түрлі аудиториямен қарым-қатынас жасаудағы бейімділік сияқты қасиеттер де ескеріледі. Зерттеуші А. Е. Саденова тілдік құзыреттілікті лингвистикалық (тілді дұрыс түсіну, қолдана білу), сөйлесімдік (ойын ауызша дұрыс құрастыру) және қатысымдық (жағдаятқа сай тілдесе алу) құрамдас бөліктер арқылы сипаттайды. Демек, бүгінгі күні «тілдік құзыреттілік» ұғымы оқушының тіл туралы білімін де, тілдік дағдыларын да, тіл арқылы мәдениетаралық және ақпараттық қатынас жасай алу біліктілігін де қамтитын кешенді құзырет. Оқушы жаңа ақпаратты тіл арқылы іздеп табу, оны түсіну және талдап, өз көзқарасын білдіру сияқты әрекеттерді орындауы осы құзыреттіліктің көрсеткіші болып табылады. Сондықтан тілдік құзыреттілікті жаңаша түсіндіру – оны өмірде қолданылатын функционалдық сауаттылық, сыни ойлау және шығармашылық коммуникация қабілеттерімен тұтас байланыстыра қарастыру деген сөз. Пән мұғалімі сабақ барысында біліммен бірге білік пен дағдыны қатар қалыптастыруға мән беріп, әр оқушының тілдік әрекетке белсене қатысуын ұйымдастыруы қажет. Сонда ғана тілдік құзыреттілік оқушы бойында шынайы қалыптасып, оқу нәтижелері өмірде жүзеге асатын болады.

Зерттеу бағытындағы жобалардың оқу тәжірибесінде бірнеше түрі қолданылады. Әрбір жоба түрі оқушының тілдік құзыреттілігін дамытудың өзіндік мүмкіндіктерін ұсынады. Төменде сол жобалардың негізгі түрлері және олар арқылы тілдік дағдыларды қалыптастыру жолдары қарастырылған:

• **Ақпараттық жоба.** Бұл жобалар қандай да бір нысан немесе құбылыс туралы мәліметтер жинап, оны үлкен аудиторияға ұсынуды көздейді. Оқушылар белгілі тақырып бойынша түрлі ақпарат көздерінен (кітап,

интернет, сұхбат, сауалнама т. б.) дерек жинайды. Жиналған материалды талдап, жүйелеп, нәтижесінде мақала, реферат, презентация не постер түрінде өнім әзірлейді. Ақпараттық жобалар барысында оқушылардың **оқылым** дағдысы (ақпарат іздеу, негізгісін ажырату), **жазылым** дағдысы (мәтін құрастыру, қорытынды жазу) қарқынды дамиды. Сондай-ақ, ақпаратты өңдеу және көпшілікке түсінікті тілде жеткізу әрекеті олардың тілдік қорын байытып, байланыстырып сөйлеу қабілетін арттырады.

• **Зерттеу (ғылыми) жобасы.** Зерттеу жобасында оқушылар шағын ғылыми ізденіс жүргізеді: белгілі бір проблеманы немесе сұрақты анықтап, болжам ұсынады, дерек жинау арқылы оны тексеріп, қорытынды жасайды. Мұндай жобалар оқушыларды ғылыми әдебиетпен жұмыс істеуге, мәліметтерді талдап-салыстыруға үйретеді. Зерттеу жобасы барысында ресми-ғылыми стильдегі тілдік қолданыс қалыптасады, өйткені оқушылар **жазбаша есеп** немесе баяндама дайындап, дәйекті түрде өз тұжырымдарын жеткізуге тырысады. Зерттеу нәтижелерін топ алдында **ауызша қорғау** оқушылардың монологтік сөйлеу және **дәлелдеу** дағдыларын шыңдайды. Мәселен, жоба барысында оқушылар **зерттеу күнделігін** жүргізіп, негізгі кезеңдерді жазып отырады, бұл жазу құзыретін дамытса, алынған деректерді талқылау және бірігіп шешім шығару **тілдесім** құзыретін жетілдіреді. Осылайша, зерттеу типіндегі жобалар тілдік құзыреттілікті кешенді түрде қалыптастырады: оқушы ізденіп ақпарат табуды, ғылыми тілде баяндай білуді үйренеді және тіл арқылы өз ойын негіздеуге машықтанады.

• **Шығармашылық жоба.** Шығармашылық жобалар оқушылардың қиялын, эстетикалық талғамын және тілдік шығармашылығын дамытуды мақсат етеді. Мұндай жобаларға әдеби монтаж, драмалық қойылым, стенд дайындау, бейнеролик түсіру, мектеп газет-журналын шығару сияқты жұмыстар жатады. Мысалы, оқушылар белгілі бір тақырыпта қысқа **сценарий жазып**, оны сахналаса, бұл үдерісте олардың **жазылым** (сюжет құрастыру, диалог жазу) және **айтылым** дағдылары (кейіпкердің образын сөйлеп жеткізу) қатар жетіледі. Шығармашылық жобаларда оқушылар тілдің эмоциялық-экспрессивтік мүмкіндіктерін пайдаланады, сөздерді бейнелі мағынада қолданып көреді, яғни тілдің көркемдік құралы мен реңктерін тереңірек меңгереді. Топтық шығармашылық жобада бірлесе жұмыс жасау арқылы **тілдік қарым-қатынас** мәдениеті қалыптасады. Оқушылар идеяларды бірге талқылап, ортақ өнім шығару жолында пікір алмасады, ұсыныстарын дәлелдеуге немесе қарсы пікірді қабылдауға үйренеді. Нәтижесінде олардың тіл арқылы **шешендікпен ой жеткізу, өзгелерді сендіре білу** құзыреттері дамиды. Шығармашылық тұрғыдағы жобалардың ең басты пайдасы – оқушының тілді қолданудағы ішкі мотивациясын оятуы және тілдік шығармашылық қабілетін ашуы. Жоба нәтижесін көпшілікке көрсету (көрме, қойылым, басылым түрінде) оқушыларға үлкен жауапкершілік жүктейді, бұл да оларды анық, түсінікті тілмен сөйлеуге ынталандырады.

Жобалардың аталған түрлерінің бәрі түштеп келгенде оқушының тілдік құзыреттілігін жан-жақты дамытады. **Кез келген жобаның орындалу кезеңдері** (тақырыпты талдау, ақпарат жинау, өнім әзірлеу, нәтижені қорғау) тілдік дағдыны қажет етеді. Мәселен, дайындық кезеңінде оқушылар көптеген материалды **оқиды**, қажетті деректерді **жазады**, жоспар құрады; жобаны іске асыру барысында топ мүшелері өзара **пікірлеседі, кеңеседі**; ал жобаны қорғау кезінде көпшілік алдында **сөйлеп**, ойларын дәлелдейді. Бұл әрекеттердің барлығы тілдік құзыреттілікке сүйеніп орындалады және орындала отырып оны әрі қарай қалыптастырады. Сонымен бірге, жобалық жұмыс үдерісінде оқушылардың пәндік білімі тереңдеп қана қоймай, ақпаратпен жұмыс істеу, уақытты басқару, топта лидер болу сияқты қосымша дағдылары да шыңдалады. Яғни, зерттеу жобалары оқушыны бүтіндей дамыту құралы бола отырып, оның тілдік кемелденуіне тікелей ықпал етеді.

8-сынып деңгейінде зерттеу жобаларын тиімді іске асыру үшін мұғалім бірқатар практикалық әдістерді қолдана алады. Төменде сабақта орындатуға болатын жобалық тапсырма үлгілері ұсынылған:

• **«Ақпарат іздеу және постер қорғау» тәсілі:** Мұғалім сыныптағы оқушыларды шағын топтарға бөліп, әр топқа бағдарламадағы белгілі бір тақырыпқа қатысты кішігірім зерттеу тапсырмасын береді. Мысалы, қазақ тілі пәнінде «Қала тарихы» тақырыбын өткенде, әр топ өз қаласының тарихи ескерткіштері жөнінде мәлімет жинайды. Олар кітапханадан немесе интернеттен ақпарат тауып, қажет болса жергілікті өлкетану мұражайына барып келеді. Жиналған деректерді сұрыптап, **постер** (сызба-кестелер, суреттермен) дайындайды. Постерді сынып алдында қорғау кезінде әр оқушы өз бөлімі бойынша баяндама жасап, сұрақтарға жауап береді. Бұл тәсіл оқушыларды нақты мақсатпен **ақпарат іздеуге**, табылған мәліметті **өз сөзімен тұжырымдап жазуға** үйретеді. Постерді бірге әзірлеу оқушылардың **бірлесіп жазу және талқылау** білігін дамытса, оны қорғау барысындағы **сұрақ-жауап диалогтық сөйлеу** дағдысын жетілдіреді.

• **«Сауалнама жүргізу және есеп жазу» жобасы:** Оқушылар күнделікті өмірге қатысты шағын зерттеу сауалнамасын әзірлейді. Мәселен, «8-сынып оқушыларының кітап оқу әдеттері» тақырыбында 8-10 сұрақтан тұратын сауалнама жасайды. Сұрақтарды құрастыру кезеңінде олар **сауалнама тіліне** тән қысқа әрі анық сөйлемдер құрып жаттығады. Дайын сауалнаманы сыныптарынан немесе параллель сыныптардан өткізу арқылы мәліметтер жинайды (қажет болса онлайн Google Form қолдануға да болады). Кейін әр топ қолдағы деректерді санап, диаграмма түрінде көрсетеді және нәтижесін мәтін түрінде талдайды. **Есеп жазу** кезеңінде оқушылар ресми стильде «Зерттеу нәтижелері бойынша. . .» деп бастап, қысқаша қорытынды мәтін құрастырады. Соңында әр топ өзінің қорытындыларын сыныпқа ауызша презентация түрінде ұсынады. Осындай жобалық тапсырма арқылы оқушылар **ресми жазба стильде** мәтін түзу дағдысын және **мазмұндама** жасау қабілетін дамытады. Сауалнама барысында алынған жауаптарды сандық көрсеткіштерге айналдырып, соны сөзбен сипаттау — тілдік қорды байытатын тиімді тәсіл. Ал топ алдында есепті жария түрде **қорғау** оқушылардың өз сөзін дәлелдеп сөйлеу, сұрақтарға жауап беру білігін нығайтады.

• **«Әдеби кейіпкерлер зерттеуі» шығармашылық жобасы:** Бұл тапсырма қазақ әдебиеті мен тілін кіріктіре отырып орындалады. Мұғалім әр топқа белгілі бір әдеби шығарманың кейіпкерін тереңірек зерттеу

міндетін қояды. Мысалы, бір топ Абай Құнанбаевтың қара сөздерін талдап, одан көрінетін Абай бейнесін сипаттасын; екінші топ Мұқағали Мақатаев лирикасындағы ақынның өмірлік ұстанымын зерттесін, т. б. Оқушылар топ ішінде шығарманы бөліп оқып, кейіпкердің сөздері мен іс-әрекеттеріне талдау жасайды. Нәтижесінде, «**Кейіпкер портреті**» атты шығармашылық есеп немесе эссе жазады. Онда кейіпкердің мінез-құлқын, дүниетанымын өз сөздерімен түйіндеп, мысалдар келтіріп сипаттайды. Әр топ жазған эссесін сыныпқа оқып береді немесе қабырға газеті ретінде безендіріп, қорғайды. Бұл жобалық жұмыс оқушылардың әдеби оқылымын тереңдетіп, мәтіннен астарлы мағынаны аңдау қабілетін арттырады. Сонымен бірге, көркем мәтін негізінде **эссе жазу** оқушылардың тілдегі эмоционалдық-мәнерлілік құралдарын қолдану шеберлігін дамытады. Кейіпкер атынан сөйлеу, оның ойларын талқылау барысында оқушылар **интерактивті сөйлесім** дағдысын жетілдіреді – топ ішінде пікір алмасып, ортақ байламға келуге үйренеді. Шығармашылық жобаның қорытындысын ұжым алдында таныстыру балалардың **сахна тілі** мен **орфоэпиялық дағдысына** да оң әсер етеді, яғни олар мәнерлеп, анық сөйлеуге талпынады.

• **«Жоба қорытындысы бойынша пікірталас» әдісі:** Кез келген зерттеу не шығармашылық жобаны аяқтаған соң, сыныпта сол жұмыс нәтижесі бойынша пікірталас ұйымдастыру тиімді. Мысалы, оқушылар жүргізген жобаларының маңызын, қиындықтарын, алынған білімнің қолданысын талқылайды. Мұғалім әр топқа бірнеше жетекші сұрақтар береді: «*Бұл жобадан не үйрендіңдер?* », «*Қандай тілдік дағдылар дамыды?* », «*Егер қайта жасасаңдар, нені өзгертер едіңдер?* » т. б. Әр топ спикері өз тәжірибесімен бөліседі, басқа топтардың презентациялары бойынша пікірін айтады. Мұндай рефлексиялық пікірталас оқушылардың **метатану** қабілетін, яғни өз оқу-тіл үйрену тәжірибесін саналы сараптауын қалыптастырады. Ең бастысы – еркін форматтағы осындай әңгіме-дүкен барысында балалар ресми емес жағдайда қазақ тілінде ойларын ашық айтып, **диалогтік сөйлеу** дағдыларын дамытады. Пікірталаста жаңа түйген білімді тілді қолданып саралау олардың құзыреттілігін бекіте түседі. Сонымен қатар, мұғалім үшін де бұл тиімді әдіс: оқушылардың жауаптарынан ол жобаның қаншалықты пайдалы болғанын, тілдік мақсаттарға жеткен-жетпегенін бағамдап, келесі сабақтарына қорытынды шығара алады.

Қорыта айтқанда, зерттеу жобаларын оқу үдерісіне енгізу – оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытудың жаңа әрі нәтижелі жолы. Жобалық жұмыс барысында оқушы тіл үйренудің маңызын іс жүзінде сезінеді: өзі ізденіп білім алады, сол білімді тіл арқылы өзгелерге түсіндіреді, яғни «**білу – жасау – жеткізу**» циклын толық өтеді. Осындай әрекетте баланың бойында субъективті позициясы қалыптасып, жеке қабілеттері ашылады, оқуға деген ішкі қызығушылығы мен қажеттілігі жүзеге асады. Жобалар арқылы қалыптасқан тілдік құзыреттіліктің арқасында оқушылар өмір бойы білім алуға бейім, шығармашыл және алған білімін түрлі жағдайларда қолдана білетін тұлға ретінде қалыптасады.

Жалпы, зерттеу жобалары арқылы оқытуды жүйелі жолға қою оқушының тілдік құзыреттілігін шырдап қана қоймай, оны білім алуға қызығушылығы жоғары, ойларын еркін жеткізе алатын жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастырады. Осындай ғылыми-әдістемелік негізде ұйымдастырылған практикалық жұмыстар 8-сынып оқушыларының қазақ тілін терең меңгеруіне және өмірде қолдануына зор ықпал етеді деп тұжырымдаймын. Қазіргі білім берудің басты мақсаты – білімді өмірде қолдана алатын құзыретті ұрпақ тәрбиелеу болса, жобалық әдіс сол мақсатқа жетудің тиімді құралы екені практика жүзінде дәлелденуде. Ендеше, әрбір мұғалім өз сабағында зерттеу жобаларын орынды пайдалану арқылы оқушыларының тілдік құзыреттілігін жаңа деңгейге көтере алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. **Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.** – Астана, 2022.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. **Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасы (5–9 сыныптар)**. – Астана, 2021.
3. OECD. **PISA 2022 Results. Volume I: Student Performance in Reading, Mathematics and Science.** – Paris: OECD Publishing, 2023.
4. OECD. **Global Competence Framework for Education.** – Paris: OECD Publishing, 2021.
5. UNESCO. **Reimagining Our Futures Together: A New Social Contract for Education.** – Paris: UNESCO, 2021.
6. Hattie J. **Visible Learning: The Sequel.** – London: Routledge, 2023.
7. Fisher D., Frey N. **Developing Academic Language Through Project-Based Learning.** – New York: Routledge, 2022.
8. Thomas J. W. **A Review of Research on Project-Based Learning.** – Updated edition. – California: Buck Institute for Education, 2021.
9. Камзина А. Н. **Оқушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістері // Педагогика және психология.** – 2022. – №3. – 41–48 б.
10. Ермағамбетова С. Қ. **Жобалау әдісі арқылы оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту // Қазақ тілі мен әдебиеті.** – 2023. – №2. – 19–25 б.

ТОЛЕУКУЛОВА АЛИЯ МАРАТКЫЗЫ,
«№28 ЖОББМ» КММ тарих пәнінің мұғалімі
Қарағанды облысы Қарағанды қаласы

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ- ЗЕРТТЕУШІЛІК БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Тарих пәнін оқытудағы негізгі мақсат әлемдік дамудағы адамзаттың рөлін, ол жасаған бүкіләлемдік құндылықтардың қадірін білетін, Қазақстан дамуының тарихи тамырларын, қоғамдағы орнын түсінетін белсенді азаматтарды қалыптастыру болып отыр. Осы міндеттерді орындауда оқытушылардың қызметі ерекше болмақ. Тарих пәнін оқыту, ұрпақтар бойына дарыту көп ізденістерді, сан түрлі әдістемелік тәсілдерді қажет етеді. Жаңа заман оқытушысы жан – жақты, білімді, өз ісін өте жақсы білетін ұлттық идеологиямен сусындаған азамат болуға тиісті.

Оқытушының педагогикалық шеберлігінің негізгі өлшемдерінің бірі – оқушының өзіндік танымдық жұмысын ұйымдастыру, ал екіншісі оқушыны өздігінен оқып, ой - өрісін тереңдетуге баулу, ғылыми ізденіске жетелеу.

Егер әрбір оқушы сабақта белсенді ой әрекетіне қосылса, күші жететін қиыншылықтарды жеңу қажеттілігі алдында тұрса, қорытынды мен жалпылау жасауға, әр түрлі сұрақтарға жауаптарды өздігінен табуға ұмтылса, танымдық белсенділігін және дербестігін қалыптастыру мүмкін болады. Оқушылар белсенділігінің осындай сипатын көрсететін қажетті шарт - дербестік таным әрекеті. Ол ұзақ уақыт ішінде оқушылардың әр түрлі өзіндік жұмыстарын орындаумен көбірек байланысты болды. Бұл әрқилы өзіндік жұмыстарды өткізудің мазмұнын және әдістемесін оқу материалын меңгерудің әр түрлі кезеңінде, әр түрлі дидактикалық мақсатқа қол жеткізуге байланысты әзірлеуді талап етті.

Танымдық белсенділікті қалыптастыру көрсеткіштеріне интеллектуалдық, эмоцияналдық, жігерлілік, іс - әрекетке оқушылардың белсене қатысуы жатады.

Жаңашыл педагогтар оқушыны дамытып қана қоймайды, сонымен қатар өзінің де жеке қасиеттерін жаңаша тұрғыдан ашуына мүмкіндік алады. Оны «жаңа технологиялардың» көмегі арқылы жүзеге асырады.

Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы, оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан - жақты ойластырылған үлгісі. (Академик В.М. Монахов)

Технологиялық оқыту - өзара белсенді оқыту. Өзара белсенді режимдегі жұмыста ақпараттар ағыны оқушыға не топқа жетіп, оқушылардың жан – жүйесінде жасырын жатқан ақыл – ой қызметін белсендіреді. Ақпарат бұл жағдайда екі бағытта: мұғалімнен – оқушыға, оқушыдан мұғалімге қарай жүріп, оқушыны өзі үшін білім алушы, өзін білімдендіруші, яғни, субъект жағдайына қояды.

Бұған мысал ретінде В.Ф. Шаталовтың тірек – сызбалар арқылы оқыту әдісін айтар едім. Бұл әдістеме көбінесе оқушылардың тарихи мәліметтерді тез ұғып, есте сақтауға және уақыт үнемдеуде де көп көмек беруші құрал болып табылады. Яғни, көлемді, ауқымды тақырыптардың мазмұнын нақты, айқын, жүйелі тірек – сызба арқылы игеріп, оқушы қажет мәліметті қысқартылған түрде меңгеріп, есте сақтауға мүмкіндік алады.

Жаңа технологияны меңгеруде оқытушының жан – жақты білімі қажет.

Қазіргі оқытушы:

- педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;
- педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
- жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- оқушылармен ортақ тіл табысатын;
- білімді, іскер, шебер болу керек.

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері - өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы - өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Қазіргі оқушы:

- дүниетаным қабілеті жоғары;
- дарынды, өнерпаз;
- ізденімпаз, талапты;
- өз алдына мақсат қоя білу керек.

Оқытушы оқушыларға сабақ үстінде өзіндік шығармашылықпен оқу іс- әрекетін ұйымдастыра білу қажет және оқытудың «белсенді» әдісін қолдана отырып меңгерілу үрдісіне бақылау жасау, ерекше қарым – қатынасты ұйымдастыра отырып, көптеген әдістемелік амалдарды қолдана отырып жүзеге асыру қажет. **Білім беру технологияларын енгізу жолдары:**

- оқушылардың білім – білік дағдысын қалыптастыру;
- ақыл – ойын дамыту.

Оған білім, білік, дағды жатады.

Білім - қоршаған ортада практикалық тұрғыда нақты байқалып, оның миында нақты бейнеленуі.

Білік - білім негізінде белгілі қызметті тиімді атқарудағы жеке бастың қабілеті.

Дағды – бақылаусыз қандай да бір істерді өздігінен орындау қабілеті.

Осы іс - әрекеттерді оқушының бойынан тауып, дамыту үшін қазіргі уақыттағы жаңашыл әдіс – тәсілдерді тақырыптың мазмұнына, құрылымына сай түрлендіріп, оқушының жан – жақты дамуы үшін өзіндік орындайтын тапсырмаларды ұйымдастырып, ағымға, өзгеріске бейім тұлғаны қалыптастыруда еңбек етудеміз.

Зерттеу әдісі шығармашылық жұмыс тәжірибесін жақсы үйрену үшін қолданылады. Зерттеу ұғымы жинақталған білімдерді жетілдіре отырып, белгіленген мақсаттар мен міндеттерге жету барысында заңдылықтарды қалыптастырады, салыстырмалы талдаулар жүргізуді және ғылыми негізделген ұсыныстар беруді қамтиды. Зерттеу әдісі арқылы оқушы білімін қолданып, ғылыми таным әдістерімен жұмыс істеп үйреніп, жаңа мәселелерді шешу тәжірибесін жинақтайды. Проблемалық оқыту кезінде оқытушы ізденіс жұмыстарын ұйымдастырады, оның барысында оқушылар жаңа білім, іскерліктерді меңгеріп, жалпы қабілетін, зерттеу белсенділігін дамытады, шығармашылыққа үйренеді, оқу мен оқыту сипаты өзгереді. Оқушылар шағын зерттеу мен шығармашылық – тәжірибелік жұмыстармен айналысады. «Зерттеу» арқылы жаңа білімдер – факті, заңдылықтар, ұғымдар, принциптер, теориялар, ережелер, алгоритмдер қалыптасады.

Оқушылардың тарихи ой - өрісін дамыту үшін мен тарих сабағында бірнеше әдіс – тәсілдерді пайдаланамын: проблемалық тапсырмалар, пікірталас, шығармашылық тапсырмалар, кескін карталар, атлас тапсырмалары, тарихи есептер, тарихи құжаттарды, кестелерді талдау.

Сабақтың әр кезеңінде проблемалық тапсырмаларды қоюға болады, ол сабақтың мақсатына байланысты. Проблемалық оқытудың ерекшелігі – мұнда оқытушы білімді дайын түрде баяндап бермейді, оқушылардың алдына проблемалық міндет қояды. Проблемалық жағдай – субъектіден жаңа білімді, іс - әрекеттің жаңа тәсілдерін іздестіруді талап етеді. Оны оқыту процесінің кез – келген кезеңдерінде (түсіндіру, бекіту және бақылау) құруға болады.

Сын тұрғысынан ойлау жобасының әдіс – тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Мақсаты – оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету. Бұл әдіс «қызығушылықты ояту», «мағынаны тану», «рефлексия» сияқты 3 деңгейден тұрады. Сабақ барысын ұйымдастыруда үнемі негізге алатын тиімді технологияның бірі.

Ойын әдістерін қолдану дәстүрлі сабақтар мен жаңа технология әдістерімен сабақ жүргізуде өз тиесілі орнын алады. Тарих сабағында жиі қолданылатын ойын түрлері ретінде тапсырма ойындарды, картографиялық ойындарды, хронологиялық іскерліктерін қалыптастыратын ойындарды атауға болады. Осылардың ішіндегі хронологиялық ойын түрлерін алатын болсақ, мысалы, оқиғаның датасын анықтау немесе датасы бойынша оқиғаны анықтау, ұсынған даталардан өзіне қажетін таңдау, оқиға мен датаны сәйкестендіру, хронологиялық реттілігін анықтау, оқиғаның дамуының кезеңдерін анықтау, кезеңдерге бөлудің критерийлерін негіздеу. Тарих пәнінен қорытынды қайталау сабақтарында қазіргі таңда теледидарда беріліп жүрген «XXI ғасыр көшбасшысы», «Алтын қақпа», «Жұлдызды сәт» сияқты оқушыларға таныс ойындарды өткізуге болады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу үрдісінде пайдалануда негізгі элементтеріне электронды оқулықтарды, интерактивті тақта мүмкіндіктерін пайдалану (презентациялар, видеоматериалдарды көрсету т.б.) жатады.

Презентациямен жұмыс істеу, оны көпшіліктің алдында таныстыру, қорғау оқушылардың АКТ-дың көмегімен қарым-қатынас орнату дағдыларын дамытуға жағымды әсер етеді, тарихты меңгеруге деген қосымша ынтымақ оятады, ақпаратты қабылдау дәрежесін арттыруға септігін тигізеді. Бағдарлама сабақта карталарды, суреттерді, тарихи тұлғалардың портреттерін, бейнеүзінділерді, диаграммаларды қолдануға жағдай жасайды. Бұл жаңа материалды түсіндіру мен бекіту барысында аса маңызды. Мен тәжірибемде, күнделікті сабақтарымда Қазақстан тарихы пәнінен өзім құрастырған электронды оқу құралын пайдаланамын.

Қоғамдағы болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер мен білім беру қызметіне жаңаша қарауға, қол жеткен табыстарды саралауға, жастардың шығармашылық мүмкіндігін дамыту үшін интерактивті әдіс – тәсілдерді тиімді пайдаланған жөн. Оқытудың интерактивті әдістерін пайдаланумен өткізілетін сабақтардың түрлері: жоба әзірлеу, фильмдерді көру және талқылау, рөлдік ойындар, мимен шабуылдау, тренинг – семинар, әр түрлі тақырыптағы кездесулер т.б.

Оқушылардың танымдық құзіреттіліктерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін арттыру, алған білімдерін тиянақты болуын қадағалау үшін сабақ барысында берілетін тапсырмалардың берілу түрлері алуан түрлі болуы керек. Сол жағдайда ғана әр оқушы өз шығармашылығын көрсете алады.

Осы аталған жұмыстарды өз сабақтарымда үнемі пайдалану арқылы үлкен жетістіктер шыңына көтерілдім. Мысалы, төмендегі әдіс- тәсілдерді қолдана отырып, өткізген сабақтарым оқушыларға жаңа технологияның білімді қабылдауда қаншалықты тиімді екенін дәлелдей түскендей. Шығармашылық тапсырмалары аудиторияда оқылып, ұжыммен бірлесе отырып талданады. Жұппен жұмыс түрлері де оқушылардың ой алмастыруын, өз бетімен ой түйістіру қабілеттерін шыңдай түседі. Мысалы, оқушылар бір-біріне сұрақтар қойып, оны өздері бағалай үйренеді. «Маған айтып берсең, ұмытып қалармын, көрсетіп берсең есте сақтармын, өзіме жасатсаң, үйреніп алармын»,- деген шығыс нақылын сабақ жоспарлау кезінде есте ұстаған жөн.

Жаңа технологияны білім беру саласында тиімді пайдалану оқушылардың өзіндік жұмысының сапасын арттыруға көмектеседі. Тәуелсіз Қазақстанның келешегі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақ – ұлттың ұлт болып қалуының кепілі.

Қорыта келгенде, ұстаз еңбегінің күрделілігі - әрбір оқушының жүрегіне жол табу, әрбір баланың бойындағы қабілетті танып, оны жан – жақты дамыту болса, сонымен қатар, тарихтан тағылым мен тәрбие алатын шәкірт тәрбиелеу - біздің басты мақсатымыз.

Журнал редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Рухани жаңғыру» баспа орталығында басылды.
Пішімі 17,5x24,5 көлемі 11 баспа табақ. Офсеттік басылым
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №435
Бағасы келісімді.
Қаріп түрі «Таймс». Қағазы офсеттік